6+

# АҚМЕШІТ жастары

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 34 (467) 25 тамыз, 2022 жыл

*Жаннан қымбат оларға ар,*
*Мен жастарға сенемін.*
**Мағжан**



# МӘРТЕБЕҢІЗ ҚАНДАЙ, МҰҒАЛІМ?

**Бәрімізге белгілі, соңғы 3-4 жылдықта білім саласындағы жаңалықтар легі толастаған емес. Білім және ғылым министрлігі екіге бөлінгеннен бері еншісін алып, жеке шыққан Оқу-ағарту министрлігінің енгізген өзгерісі көп. Жаңа оқу жылы да ұстаздар үшін елеулі жаңалықтарға толы болмақ. Мәселен, кейбір пән мұғалімдерінің сағаттары қысқарады. Сонымен қатар информатика, орыс тілі сынды өзге де пәндерді оқыту кезінде бір сыныптағы оқушы саны 24 баладан аспаса, екіге бөлінбейді. Мұндай үрдіс сағат санын екі есеге қысқартып, мұғалімдердің жалақысын азайтары анық. Ал санатына сан қосып, сапаға мән бергендердің айлық жалақысы өзгелерден бірнеше есе асып түседі. Жыл сайын 25 пайыз қосылып отыратыны тағы бар. Алайда аттестациялық жүйе қаншалықты жолға қойылған? «Санатын» сатып алатындарға қандай шара қолданылады? Мұғалімде санат бар, білімде сапа бар ма?**









Асхат Аймағамбетов министр боп келген 2019 жылдан бері білім саласына оң өзгерістер еніп, ұстаздардың жалақысы артты. Алайда талғамға сай талап та күшейтіліп, ұстаздар қауымының жүктемесі көбейген. Мысалы, жаңартылған білім жүйесі, оқушының өзін-өзі бағалауына мүмкіндік беру, ата-анамен қарым-қатынасты жаңарту, коучингтер өткізу, біліктілікті анықтайтын тест тапсыру, курстарға қатысу, онлайн сабақтар, аттестация жыры, мұғалімдерді тіл үйренуге машықтандыру, «Күнделік.кз»-тің жұмысы тәрізді толып жатқан реформалар соңғы жаңалықтармен жалғасын тапты.

«Мектеп пен колледжге, балабақшаларға керек білікті директорлардың тапшылығы байқалып отыр. Қазіргі кезде біраз бос орын толтырылмай тұр. Әрине, мұғалімнің еңбегі мен біліктілігі өте маңызды. Бірақ барлық мәселені шешкенімен, білікті әрі білімді директор болмаса, онда атқарылған жұмыстар тиісті нәтижесін бермейді. Директорлардың жалақысы мұғалімдермен салыстырғанда аз екені белгілі. Қазір 400-ден астам директор жаңа оқу орындарына барып, жұмысын жалғастырып жатыр. Осы әріптестерімізге үлкен алғысымды айтқым келеді.

Сонымен бірге алдағы уақытта мамандығы бойынша жұмыс бастайтындарға арналған жаңа жоба іске қосылады. Яғни, мектепке жаңадан келген әріптестеріміз үшін жыл бойы мамандықты меңгеру бағытында жеке бағдарлама жасақталмақ. Олардың әрқайсысына жетекшісі бекітіледі. Осы орайда оқу жылы барысында жас маманға қолдау көрсетіледі. Жыл қорытындысы бойынша ары қарай жүргізілетін жұмыс жайында шешім қабылдаймыз. Жас маман жүктелетін қызметті толықтай орындауы үшін тиісті көмек көрсетіледі», – деді мұғалімдердің республикалық тамыз конференциясында Оқу-ағарту министрі. Министрдің сөзіне сүйенсек, осы бағытта шетел тәжірибесі назарға алынатын болады. «Шетелде жас маман келсе, оған сабақтар бойынша толық жүктеме берілмейді. Оның біліктілігін арттыруға көбірек мән беріледі және жас маман оқу орнындағы әріптестерінің сабағына қатысады. Дегенмен осы жас мұғалімге толық жалақы төленеді. Алдағы жылдан бастап осы тектес жүйені елімізде енгізбекпіз», – деді білім беру саласының басшысы.

Сонымен қатар президенттің тапсырмасы бойынша мектептегі білім бағдарламасында математика, информатика пәніне, тілдерді оқытуға басымдық берілмек. Қазақстан тарихы мен Дүниежүзі тарихы бойынша бірыңғай оқулықтар әзірленетін болады. Министр сан қилы қиындығы мол саланың басты жиыны – тамыз конференциясында оқулықтардың сапасы қоғам тарапынан үнемі сынға ұшырап жүргенін де тілге тиек етті. Сондықтан оқулықтарды іріктеу мен сараптау қызметінде сарапшылардың біліктілік деңгейіне қойылатын талаптар қатаңдатылып, жауапты мамандарға артылар жауапкершілік жүгі ауырламақ.

2021 жылы «Білім және ғылым туралы» заңға өзгеріс енгізіліп, «Педагог мәртебесі туралы» заңның қабылдануы ұстаздар қауымының сапалық құрамының жақсаруына, мектептер мен жоғары оқу орындарында қордаланған түйткілді мәселелердің бірте-бірте шешілуіне ықпал етіп қана қойған жоқ. Заңның нәтижесінде мұғалім мамандығына деген сұраныс та бірнеше есе артты. Яғни сала бойынша сапаға жауап бере алатын болсақ, сан да көбейді. Мысалы, 2021 жылы оқуға түскен 13 мың түлектің 65 пайызы мұғалім мамандығын таңдаған. Студенттердің 55 пайызы мемлекеттік грантқа қабылданған десек, соңғы екі жылда университетке мұғалім мамандығына квота берілмегендіктен, түлектер республикалық квотаны жеңіп алуға тырысуда. Мұғалім мамандығына «Алтын белгімен» бітірген түлектер тарапынан да сұраныс артып келеді. 2019-2020 оқу жылында 300 «Алтын белгі» иегерлерінің 177-сі, ал былтыр 522 талапкердің 300-і осы мамандыққа грантты жеңіп алған.

3 бетте

# «ЕРЛІК ЖАСАДЫМ ДЕП САНАМАЙМЫН»

**Елордада ерлік жасап, баланы құтқарған сырбойылық Сәбит көпке таныс. Енді бұл қатарға 15 жасар Арман Аманжол да қосылды.**

**Ол кәріз құдығына құлап кеткен 2 жасар сәбиді құтқарып, әлеуметтік желіде танымал болды. Белсенді азаматтар ержүрек балаға сый-қошемет көрсетсе, жергілікті БАҚ жарыса жазды. Осыған орай жуырда батыр баламен кездесіп, аз-кем сұхбаттасуға мүмкіндік туды.**



**– Арман, бүгінде жақсылығымен танылғандардың қатарына ендің. Көмекке мұқтаж бүлдіршінге жәрдемдесіп, ажал аузынан құтқарған ерлігің қандай марапатқа болсын лайық. Әңгімені осы оқиға желісінен бастасақ.**

– Оқиға кездейсоқ орын алды. Қалаға жаңа келген кезім. Әпкем екеуміз қаланы аралап, керек-жарақ алуға шыққанбыз. Жаяу жүріп, «Универсам» шағын ауданына қарай бұрылдық. Алдымызда 2-3 жасар баланы жетектеген әйел келе жатты. Кенет анасының алдында жүгіріп бара жатқан бүлдіршін жол бойындағы ашық тұрған кәріз құдығына құлап кетті. Ең жақыны әрі оқиға көз алдымда болғасын ойланбастан құтқаруға жүгіріп, баланың соңынан құдықтың ішіне түстім. Кәріз құбырының биіктігі 3-4 метрге жуық екен. Әрі-бері тырысқанмен баланы шығаруға мүмкіндік болмады. Сол аралықта құдықтың айналасына адамдар жиналып қалған. Солардың арасынан ер адам құдыққа түсіп, алдымен кішкентайды, сосын мені шығарып алды. Құдықтың іші сасық су мен лай батпаққа толы екенін кейін байқадым. Себебі бар ойым сәбиді тезірек құтқару болды.

**– Әлеуметтік желіде оқиға кезінде түсірілген фотосурет тарады. Ерлігіңді сүйсініп, мақтаған лебіздің саны артты. Алайда көбісі есімің мен сен туралы ақпараттан бейхабар еді. Тіпті, «жақсылық жасаған баланы іздейміз» деп хабар таратқан жандарды да көрдік. Жалпы аты-жөніңді анықтап, алғаш хабарласқан кім?**

– Келесі күні әлеуметтік желі арқылы оқиға кезіндегі фотосурет пен халықтың пікірін көрдім. Шынында, көбісі мақтау сөздер айтып, аты-жөнімді іздеп жатты. Алайда аса мән бермедім. Себебі өзімді ерлік жасадым деп ойламаймын. Небәрі көмекке мұқтаж балаға жәрдемдестім.

2-3 күннен соң жеңгем хабарласып, мені тілшілер, белсенді азаматтар іздеп жатқанын айтты. Сол сәтте облыстық «Сыр бойы» газетінің тілшісі Гүлбану Мақажанмен байланыстым. Жағдайдың қалай орын алғанын толық баяндап, ақпарат беруге мүмкіндік туды. Аты-жөнім мен байланыс нөмірімді тапқасын көптеген аға-әпке қаржылай сый беріп, тілек білдірді. Кездесуге шақырып, ерекше қолдау жасағандар да бар. Ол кісілерге алғысым шексіз.

**– Құдыққа құлаған баланың ата-анасы хабарласты ма?**

– Бүлдіршіннің анасы оқиға әсерінен шошынып қалды. Біразға дейін өзіне келе алмағанын байқадым. Бүлдіршінді шығарған сәттен алғыс айтып, жылы лебіз білдірді. Ал одан кейін хабарласқан жоқ. Себебі аты-жөнімді, нөмірімді білмейтін. Алайда баланы алғыс есту үшін құтқармадым. Тек денсаулығы жақсы, есен болса деп тіледім.

**– Жақын туыстарың бұл оқиғаны қалай қабылдады?**

– Ауылдан ұзап шыққасын ата-анам хабарласып, үнемі жағдайымды сұрап отырады. Оқиғадан соң қоңырау шалуды үдетті. Олар жасаған ісімнің дұрыс екенін айтып қуанды. Ата-анам қысылғанға көмек көрсету, жақсылық жасау қажет екенін айтып отырады. Біздің бойымызға да сол қасиетті сіңіруге талпынып, өнегелі оқиғаларды мысалға келтіретін. Сондықтан алған тәрбиеме сай әрекет етуге тырысамын.

**– Қалаға арман қуып келіпсің. Оқуға түсуге талаптанып жатқаныңды естідік.**

– Туған жерім – Арал ауданы Бөген ауылы. Биыл ауылдағы мектепте 9-сыныпты бітірдім. Түлек атанғасын мамандық иесі болуға қызықтыра бастады. Осылайша, М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжіне оқуға түсуге шешім қабылдадық. Үйдің кенжесі болғандықтан алғашында ата-анам бұл ойыма қарсы болған, ақылдаса келе рұқсат берді. Қазіргі таңда аталған колледжге электрик мамандығы бойынша оқуға түсуге қажетті құжаттарды өткіздік. Оқу-құрал, киімді түгелдеп, сақадай сай отырмын. Егер бәрі ойдағыдай болса, мен үшін жаңа оқу жылы Қызылордада басталады.

**– Отбасың туралы айтып өтсең.**

– Көпбалалы отбасында дүниеге келдім. Бес ағайындымын. Екі әпкем, екі ағам бар. Әкем жұмыссыз, анам мектеп асханасында істейді. Қарапайым отбасымыз десем болады. Ата-анамыз бізді тату-тәтті, бауырмал етіп тәрбиеледі. Қиындықты бөлісіп еңсеруге, қуанышты бірге бөлісуге дағдыландық. Қандай жағдай болмасын аға-әпкелерімнің қолдауын сезіп жүремін. Көмек қажет кезде де қысылмай барып, арқа сүйеймін. негізгі қолдаушым да солар.

**– Әсерлі әңгімемен бөліскеніңе рақмет!**

**Сұхбаттасқан**
**Берен ШАҒЫРОВ**



## БАЙҚАУ! БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

Биыл – облыстық «Ақмешіт жастары» газетінің 9 жылдық мерейтойы. Осыған орай басылым 18-27 жас аралығындағы жастар арасында «Ең қысқа әңгіме» байқауын жариялайды. Мақсаты – жас буынның шығармашыл әлеуетін арттыру, аймақтың әдеби дамуына үлес қосу.

Байқау шартына сәйкес, жас таланттар мазмұн ерекшелігін бұзбай, еркін тақырыпта қысқа көлемді әңгіме жазуы шарт.

Үздік деп танылған жеңімпаздар Алғыс хат және арнайы сыйлықтармен марапатталады.

Қатысушылар өтінімді (шығарма, өзі жайлы мәлімет, байланыс нөмірі) басылымның электронды поштасы – aqmeshit_zhastary.kz @mail.ru мекенжайына жолдауы қажет.

Өтінімдер 18 тамыз бен 3 қыркүйек аралығында қабылданады. Байқау қорытындысы мерейтой аясында, яғни 7 қыркүйек күні жарияланатын болады.

# АДАМ САУДАСЫНА ТОСҚАУЫЛ ҚАЖЕТ

**Дүниежүзінде адам саудасы көлеңкелі бизнеске айналған. «Walk Free» халықаралық тәуелсіз құқық қорғау ұйымының мәліметінше, әлем бойынша 40 млн-нан астам адам құлдықтың қамытын киген. Жақында БҰҰ «тірі тауарды» саудалайтын трансұлттық қылмыстық топтардың жылдық орташа табысы 150 млрд долларды құрайтынын хабарлады. Қынжылтатыны, елімізде де адам саудасына қатысты қылмыс артқан. Қазақстан «қара тізімде» және 165 мемлекеттің арасында 86-орында тұр. Алаяқтардың арбауына көбіне кімдер түседі және құлдықтан сақтанудың жолы қайсы?**



### ЖАҚСЫ ЖҰМЫС, ЖАЙЛЫ ҮЙ, ТАБЫСТЫ БОЛАШАҚ

Мәселенің басын ашып алу үшін құзырлы мекеме жариялаған мәліметті сөйлетсек. 2018 жылы Қазақстанда құлдықта 75 мың адам болған. Жыл сайын «адам саудасы» санаты бойынша 100-ге жуық сотқа дейінгі тергеу тіркелетіні анықталып отыр. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, 2019-2022 жылдар аралығында 131 адам жыныстық қанаудың құрбаны болды.

«Адам саудасы Қылмыстық кодекстің 128 («адам саудасы») және 135 («Кәмелетке толмағандар саудасы») баптарымен қамтылады. Кейінгі жеті жылда осы баптар бойынша сотталған адамдардың ең көп саны 2016 жылы тіркелген – барлығы 30 адам. Кейіннен 2021 жылы сотталғандар саны 14 адамға дейін төмендегені байқалды. Әдетте, мұндай сотталғандардың көпшілігі – әйелдер»,– дейді құзырлы орган өкілдері.

Тарқатып айтсақ, 2004 жылдан бері елде 18-25 аралығындағы және 30 жастан асқан ер мен әйел саудаланған. Олар көбіне еңбек және сексуалдық қанауға ұшыраған. Сыртқы істер министрлігі адам саудасымен ел азаматтары да, шетелдіктер де айналысқанын мәлімдеді. Бұған қоса Қазақстан тұрғындарының негізінен Ресейде, Бахрейнде, Бразилияда, Біріккен Араб Әмірліктерінде, Корея Республикасы мен Түркияда мәжбүрлі еңбекке тартылатыны белгілі болды. Ал елімізде Орталық Азия мен Шығыс Еуропаның көрші елдерінен, сондай-ақ Қазақстанның ауылды жерлерінен келгендер қанауға ұшырайды. Қай адам өз еркімен құл болуға көнсін?! Сондықтан қылмыскерлер адам арбауды жетік меңгереді десе болады және бұл іс нәтижесіз емес. Жақсы жұмыс, жайлы үй, табысты болашақ. Бұл – әрбір адамның ойын дөп басуға тырысып, арманындағы өмірді көз алдына әкелетін алаяқтардың жиі қайталайтын үш уәдесі. Соның желеуімен талай жан торға түскен торғайдың күйін кешті. Мұндай оқиғалардың қайғыға душар еткені де жетерлік.

Мәселен, Грузияда ажал құшқан Әсел Айтпаеваның өлімі отандастарымызды есеңгіретіп тастады. Шетелге жұмысқа шақырған туысының ұсынысын қабылдаған Әсел Нұр-Сұлтан қаласынан шығып, Грузияда көлік сататын компанияда жұмыс істеуге шыққан. Алайда көп уақыт өтпей оның денесі Тбилисидегі көпқабатты үйдің ауласынан табылды. Қылмыстық істің бастапқы кезеңінде бойжеткен қайтыс болар алдында Бесик Тордуаның үйінде болғаны да айтылды. Сондай-ақ, 57 жастағы азамат қызды зорлады және өлімге итермеледі деген күдікпен қамауға алынды. Бірақ сотқа жетпей, абақтыда науқастанып, артынша ауруханада жан тапсырған болатын. Уақыт өте бойжеткенді Грузияға жұмысқа шақырған туысы ұсталды. Жақында жабық режимде сот отырысы өтіп, оған 15 жыл бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалды. Әділдік іздеп, табан тоздырған Әселдің анасы Айсұлу Айтпаева сот шешіміне разы екенін айтты.

Бұдан бөлек, күні кеше ғана Әнел Бермағанбетова есімді жерлесіміз жұмыс берушілер алдап әкеліп, Лаос елінде күштеп ұстап отырғанын айтты. Қыз өзінің жағдайы туралы әлеуметтік желіде жазды. Ол қытайлық компанияда жұмыс істеп, өз брендін қалыптастыру мақсатында Таиландқа ұшып келген. Елге келгеннен кейін сән-салтанатпен жағдай жасалыпты. Жүргізушісі бар қымбат көлік, қонақүй бөлмесі берілген. Чиангарайға ұшқан соң бір ауылға тұрақтаған. Ол жақтан Әнелді қытайлық күтіп алған.

«ПТР тапсырып, қытайлық ер адам мен үшін полицияға ақша төледі, компанияның кеңсесіне алып барды. Біз аумаққа кірген бойда алданып қалғанымды түсіндім. Мені бірден талдау тапсыруға жіберді, денім сау ма, есірткі қабылдамағанмын ба тексермек болды. Сосын жатақхананы көрсетті. Шартта екі кісілік бөлмеде тұрамын немесе қонақүй жалдап беретін болған. 8-бөлмені көргенде шошып кеттім де, жылап жібердім. Ол жер лас еді. Бұл – инвестициялық платформа атын жамылған алаяқтар компаниясы. Мен клиенттермен жұмыс істейтін менеджер жұмысын орындауым керек еді. Белгілі болғандай, бұл жерде олардың жеке жер телімі бар, осылайша олар осындай заңсыз әрекеттерге барады», – деп жазды ол.

Осыдан соң Әнел мұндай жағдайда жұмыс істемейтінін айтып, шығынды өтеп, үйге қайтып кете алатынын түсіндірмек болған. Алайда жұмыс беруші оған бұл кіріп-шығып жүретін жер емес екенін айтып, осында бір жыл тұруы керек екенін айтқан және шығуға рұқсат бермеген. Жақында Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі Әнелдің хабарламасына жауап берді. Қазақстанның Ханойдағы Елшілігі Лаос Сыртқы істер министрлігіне азаматымызды құтқаруға барынша көмек көрсетуді сұрап, тиісті нота жолдады.

Мәліметтерге сүйенсек, Лаос полициясы бұл мәселемен айналысып жатыр, Лаос Сыртқы істер министрлігі мен Ішкі істер министрлігінің өкілдерімен келіссөздер жүргізіледі және Әнел елге оралады. Бұл соңы жақсы аяқталатын оқиғаның бірі десек болады. Себебі адам саудасының құрбанына айналған қанша жанды жақындары шарқ ұра іздеп, қаншасы туған үйге оралып, мауқын басуды аңсап жүргені белгісіз...

### САУДАҒА ТҮСКЕН СӘБИ

Өңірдегі ахуалды айналып өтпеуге тырыстық. Өткен жылы облыста адам саудасына жол ашатын жарнамалық хабарландырулар мен ақпараттық материалдар жариялаған 32 сайт бұғатталған, сонымен қатар адам саудасына қатысты 6 дерек тіркелген. Оның қатарында 5 жеңгетайлық және 1 бас бостандығынан заңсыз айыру бойынша қылмыстық іс бар. Мәжбүрлі еңбек пен 14 жасқа толмаған балалардың еңбегін пайдалану деректері анықталмаған.

– Жан-жақты жұмыс жалғасуда, өткен жылы адам саудасына қатысты 2 хабарлама түсті. Соның біріне, яғни «Евразия» телеарнасында жаңалықтан берілген «Балалар 500 мың теңгеден сатылып жатыр» деген сұхбат бойынша тексеру жұмыстары жүргізілді. Аталған ақпарат жалған болып шықты. Қызылорда қаласындағы құрылыс нысандарының бірінде жұмыс істеп жүрген Өзбекстан Республикасы азаматтарының мәжбүрлі еңбекке тартылғаны да хабарланды. Қылмыстық іс тіркелді, тексеру барысында 14 өзбек азаматы анықталды. Олар сол уақытта әлеуметтік-психологиялық, құқықтық қолдау орталығы үкіметтік емес мекемесіне орналастырылды. Жалпы, аймақта адам саудасына қатысты қылмыстық істің көбі жеңгетайлықпен байланысты. 10 дерек тіркеліп, жеңіл жүріспен пайда тауып жүрген 14 адам есепке алынды, – делінген ОПД криминалдық полиция басқармасының мәліметінде.

Ойымызды сан саққа жүгірткен бұл емес еді. Полиция қызметкерлерінен бала сатуға қатысты дерек тіркелгенін естігенде айтарға сөз, қоярға сұрақ таппай қалдық. Өзекті өртейтіні, бұл сәби саудасына қатысты алғашқы да соңғы дерек емес. Бұған дейін Ішкі Істер министрлігі «қара базарда» жаңа туған нәрестелердің құны миллионнан басталып, 3-4 миллионға дейін бағаланатынын және елімізде өткен жылы 15 іс Қылмыстық кодекстің 135-бабы, яғни бала сату бойынша қозғалғанын мәлімдеген болатын.

### АРБАУҒА ТҮСПЕС ҮШІН...

Жаһандық мәселе кешенді күресті қажет ететіні түсінікті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та «Адам саудасына қарсы күрес мәселесі күн тәртібінен түспейді. Бұл жағынан Қазақстанның халықаралық қауымдастық алдындағы жағдайы мәз емес. Құқық қорғау органдары мұндай қылмысты тергеу рәсімін жетілдіру керек. Сот тәртібімен қатаң жаза қолданылуы қажет. Маңызды міндет мемлекеттік органдардың үйлесімді іс-қимылын талап етеді» деген болатын.

Қылмыстық кодекстің 8-бабында адам саудасы мен эксплуатациясына қатысты жауапкершілік көрсетілген. Жазаның ең қатаң түрі ретінде осындай құқық бұзушылыққа барған қылмыскердің дүние-мүлкін тәркілей отырып, 18 жылға бас бостандығынан айыру қарастырылған. Аталған нормаға соңғы түзетулер 2019 жылы желтоқсан айында енгізілді. Бұған қоса елімізде ағза мүшелерінің саудасына, кәмелеттік жасқа толмағандардың саудасына, жезөкшелікке тартуға қатысты жаза қатаңдады.

Тағы бір айта кетерлігі, адам саудасы қылмысын түбегейлі жою үшін құзырлы органдардың жұмысы аздық етеді, ол үшін бұл кеселге тұтас қоғам болып қарсы тұру керек. Сонымен қатар табысты жұмысқа қатысты күмәнді ұсыныстарға сенбеген дұрыс. Құжатты, жеке куәлікті ешкімге беруге болмайтынын да естен шығармау керек. Басқа қалаға немесе мемлекетке жолға шығарда туған-туысқа байланыс нөмірі мен мекенжайды міндетті түрде қалдыру маңызды. Осындай оқиғаға тап бола қалған жағдайда бірден жақын жердегі полиция учаскесіне немесе 102 нөміріне, болмаса 11616 сенім телефонына хабарласқан жөн. Сондай-ақ әр өңірде адам саудасының, құлдықтың құрбаны болғандарға көмек көрсететін үкіметтік емес ұйымдардың да барын ұмытпаған абзал.

**М.СНАДИН**

# «СҮЙКІМДІ ҚАҺАРМАНҒА» НЕГЕ СҰРАНЫС КӨП?

**Хагги Вагги ағылшын тілінен аударғанда «құшақтау» деген мағына береді. 2021 жылдың қазан айында шыққан Poppy Playtime қорқынышты ойынындағы кейіпкер қазір балалардың сүйікті ойыншығы. Бірақ жұмсақ ойыншықтың сырт келбеті сіз ойлағандай сүйкімді емес. Сонда Хагги Вагги балаларға несімен ұнайды?**

Алдымен ойыншықтың шығу тарихын баяндасақ. Смартфондағы Poppy Playtime хоррор-ойынынан бастау алған сюжет көрген адамды қорқынышты әлемге жетелейді. Онсыз да тісі ақсиып, көзі бадырайып, денесін түк басқан ұсқынсыз бейнелер дыбыспен берілгенде үрейден құлақ тұнады. Әрі қарай ойын сюжеті келесідей жалғасады.

Ойынның басты кейіпкері – ойыншық зауытының бұрынғы қызметкері. Ол жұмбақ жағдайда жоғалып кеткен қызметтестерін іздеп, қараусыз қалған зауытты шарлайды. Құр жүрмей VHS кассеталарын жинап, өткеннің суреттерін қалпына келтіреді. Сол сәтте оның ізіне Хагги Вагги түсіп, қуа бастайды. Хагги Вагги да – зауыттың ең танымал ойыншығы. Егер одан қашып үлгермесе, қызметкерді ұстап алып, жұтып қоюы ғажап емес. Осылай Хаггиден қашып жүріп, бірнеше сатыдан өткенде ғана ойын жеңімпазы бола аласыз. Ойын жарыққа шыққаннан кейін ютуб арнасында құбыжықтың қалай пайда болғаны жайлы анимациялық фильм пайда болды. Қаралымы 10 миллионнан асатын анимацияда Хагги Ваггидің денесі Playtime зауытының бұрынғы қызметкері Вадзен мырзаға тиесілі екені айтылады. Ол жұмыста жетістікке жетіп, отбасын құруды армандайды. Алайда бір ғана түн оның өмірін өзгертеді. Сюжет бойынша зауыт шынайы құбыжық ойыншықтың жобасын құрастырады. Құрылтайшыларға көп пайда әкеледі деп болжанған жоба өкінішке қарай ойдағыдай болмайды. Әлеуметтік желіге аталған бейнежазбаны ойынның жанкүйері жүктеген. Бұл жазбаның тик-токтағы да танымалдылығы жоғары, құдды бір вирус секілді балалардың санасын дереу еліктіріп әкетеді. Содан болар Хагги Вагги ойыншығына балалар тарапынан сұраныс артқан.



Бірде сабақ жазып отырған туыс інімнің Хагги Ваггиды құшақтап отыруы еріксіз таңқалдырғаны бар. «Менің Хаггиым» деп жазу дәптерінің алдына қойып, ауық-ауық ойыншығын еркелетуі маған алғашында қызық көрінсе де, кейін ойландыра бастады. Бес жастағы бала түрі қорқынышты ойыншықты қалай жақсы көруі мүмкін? Себебін ата-анасынан сұрап көргенімде Хаггидың «ерекше қасиетін» олар да білмейтінін айтты.

− Неге екені белгісіз, ұлым Хагги Ваггиды қатты жақсы көреді. Ойыншығымен ойнап қана қоймай, ютубтан сол туралы бейнежазбаларын қарап отырады. Хаггидың базардағы бағасы – 2000 теңге, ал түпнұсқасы – 6000 теңгеден асады. Хагги Вагги танымал болған бір ғана кейіпкер емес. Оның күлгін түсті қалыңдығы – Киси Миси, апельсин түстес – Ван Панк, жасыл түсті – Сили Били, қызыл түсті – Скари Лари, сұр түсті – Грисс Висс және түрлі-түсті – Лили Милли деген түрлері бар, − дейді Жұлдыз Ыдырысова.

Хаггидың әлеуметтік желідегі жарнамасы да «біртүрлі». «Танымал құбыжық Хагги Ваггидің сүйкімді жұмсақ ойыншығы. Poppy Playtime кейіпкерінің келбеті – сүйкімді, ыңғайсыз жаратылыс, екінші жағынан, бұл түкті және тісті құбыжық. Хаги Вагидің қолында – Velcro, оның көмегімен ол ұзын қолын созып, ұстай алады. Бағасы қолжетімді. Хаггимен балаңызды қуантыңыз» деген мағынаны арқау еткен тіркестерге ата-ананың алданбасы анық. Алайда баланың көңілі анасында емес, Хаггиде екенін ескерсек, талай дүкен сөресінің құбыжық ойыншықпен толығатынын аңғару қиын емес.

Хагги Ваггиды The Village аталатын орыстілді интернет басылымы «Зуммерлердің сүйікті құбыжығы және Тик Токтағы басты мем» деп бағалаған. Ал Medialeaks сайты Хаггиды «қанқұмар құбыжықтан сүйкімді қаһарманға айналды» деп есептейді.

«Сүйкімді қаһарманның» бала психологиясына баяу әсер ететін ықпалы бар. Алғашында баладағы шошыну, қорқу сияқты ішкі күйі байқалмаса да, уақыт өте келе ойыншықтың салдары анық білінеді. Бұл жағдайды ата-ана дер уақытында түсінбесе де, психологтар құбыжық ойыншықтың әсері бала есейгенде көрінетінін ескертеді. Мамандар “мұндай ұсқынсыз ойыншықтар девиантты мінез-құлық тудыратынын, сол себепті бала психологиясы агрессияға толы болатынын» айтады. Соның әсерінен баланың қоршаған ортаға қызығушылығын жоғалып, достарымен ойнағысы келмейтін әдет қалыптастырады. Психологтардың пікірінше, Хаггидың әсерінен бала өзіне деген, ақыл-ойына деген сенімділікті жоғалтады.

Тіпті мінезі тұйықталған балада «әлемде зұлымдық басты рөлде» деген ой пайда болуы мүмкін екен. “Көбі Тик Токтан көріп жүргесін, қызығып алғысы келеді. Ал кей балалар өзінің қорқынышын басу үшін сатып алады. Бұл дегеніміз ондай балалар үйінде ата-анасымен тығыз байланыста болмайды дегенді білдіреді. Яғни өзінің ата-анасын қорғаныш деп есептемейді. Өздеріне сенімсіз болады. Сондықтан кез келген ата-ана баласымен ашық сөйлесіп, оның пікірін тыңдаған өте маңызды,” − дейді мамандар.

**P.S.** *Әдетте ата-аналар Қытайдан жеткізілетін арзан ойыншықтардың сап асына алаңдайтын. Бірақ бұл жолғы мәселе сапа тақырыбын басып озғаны анық. Қазақ баласын «құбыжық ойыншық» тәрбиелесе, қоғамның қалай құбылары белгісіз. Сол үшін Хагги саудасына тиым болғаны дұрыс тәрізді...*

**Гүлдана ЖҰМАДИН**

# МАҚСАТ – БІЛІМДІ ДАМЫТУ

Оқушылар республикалық олимпиадаларға қатысып, жүлдегерлер қатарынан көрінуде. Мұның барлығы ұстаздар қауымының ерен еңбегі десек қателеспейміз. Себебі академияда жұмыс жүйеленген, «облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталығы» мен «Қамбаш» сауықтыру және қосымша білім беру орталықтарында оқыту жүргізіледі.

Академия Мемлекет басшысының Жолдауынан туындаған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында айқындалған міндеттерді жүзеге асыруға күш салады. Дарынды оқушылардың инновациялық технологияларды жүйелі қолдануы, жан-жақты болуы назарда. Оқушылар ғылыми жоба қорғау ісіне араласып, интеллектуалды, шығармашылық сайыстарға қатысып, күрделенген тапсырмаларды өздігінен орындау арқылы коммуникативті-ақпараттық дағдыларын дамытады.

Мұнда оқыту қазақ және орыс тілдерінде 5 пән негізінде жүргізіледі. Академияға жалпы білім беру ұйымдарының 8-9 сынып оқушылары қатысады. Академия 4 кезеңнен тұрады. Әр кезең қорытындысында оқушыларға диплом мен номинациялар табысталып тұрады. Академияның бірінші кезеңі өткен жылы,16-21 тамызы аралығында өтті. №9, №10 дарынды балаларға арналған «Білім-Инновация» лицей-интернатының үздік мұғалімдері онлайн форматта оқу курстарын жүргізді. Курсқа облыс бойынша 100 оқушы қатысып, олимпиадаға дайындық шараларынан өтті. Бірінші кезеңде емтихан нәтижелері бойынша дипломдар, алғыс хаттар мен номинациялар берілді. Екінші кезең өткен жылы №9, №10 дарынды балаларға арналған «Білім-Инновация» лицей-интернаттары базасында офлайн түрде ұйымдастырылды. Оқыту курстарын ТОО «delight Academy» оқытушылары мен халықаралық олимпиада жүлдегерлері болған мұғалімдер өткізді.



**2018 жылы облыстық білім басқармасының «Дарын» қосымша білім беру орталығы негізінде «Сыр дарыны» академиясы құрылған болатын. Бүгінде академия жас жеткіншектердің талабын ұштап, талантын жетілдіріп келеді.**

Екінші кезеңдегі оқыту курсына 100 оқушы қатысып, аудандардан келген 36 оқушы «Өркениет» жатақханасында орналасты. Күнделікті дайындық курстарынан соң «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығы «Қабілет» бөлімінің педагог-психологтары оқушыларға кешкі психологиялық сергіту тренингтерін жүргізді.

Оқыту курсын аяқтаған оқушыларды марапаттау шарасы өткізілді.

«Сыр Дарыны» академиясы әр тоқсан сайын өз жұмысын жалғастырады.

**Г.ТАШЕНОВА,**
**«Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығының бөлім меңгерушісі**

# «ӨНЕР БІЗГЕ БАҚЫТ СЫЙЛАЙДЫ»

**Қаладағы «Мансап» мектебінің оқушылары халықаралық байқауларда топ жарып, үздіктер қатарында танылуда. Жуырда ғана олар Египет еліне жолдама алып, өнер жолының тағы бір белесін бағындырды. Осы аптада талантты шәкірттердің ұстазы Гүлзат Ермекқызымен тілдесудің сәті түсіп, өнер тақырыбын әңгімеге арқау еттік.**

**− Гүлзат Ермекқызы, оқушыларыңыздың жетістігімен тағы да құттықтаймын! Жеңіске дейінгі жол, дайындық қалай басталды? Ең алғаш оқушылардың өнерге деген қабілетін қалай байқадыңыз?**

− Өздеріңіз білесіздер, «Мансап» мектебінде қаншама өнерлі де талантты, білімді оқушылар бар. Солардың арасынан суретке деген талпынысы мен қызығушылығы жоғары оқушыларды іріктеп, үйірмеге шақырдым. Өзім мектепте көркем еңбек пәнінен сабақ беремін. Шәкірттерге жаңа дүниені үйрету барысында тақырыпқа сәйкес тапсырмаларды анықтап алып, әрі қарай дамытуға шақырамын. Оқушылар сурет салуға қабілетті, табиғатынан жақын болған соң нәтиже де тез көрінуде. Бұл − оқушылардың еңбегі, мектебіміздің абыройы деп ойлаймын.

**− Расында оқушылардың дайындаған жұмыстары көрген адамға таңдай қақтырады. Осындай өнер туындыларын толық бітіру үшін қанша уақыт қажет? Сіздер сурет салудан бөлек киім дизайнын да сызады екенсіздер. Халықаралық байқауларға арнап тіккен киім дизайны қалай дүниеге келді?**

− Суреттердің көркемдік жұмыстарына бір ай көлемінде уақыт жұмсалды. Ең алғаш оқушылар Қызылорда қаласында бақ сынады. Облыс кезеңінен іріктеліп өткеннен кейін Алматы, Астана, Көкшетау қаласында ұйымдастырылған супер финалға қатысып, тағы да үздіктер арасында топ жардық. Сол уақытта оқушылар арасынан Ким Яна Бас жүлдені қанжығасына байлап, сыйақы иеленді.

**− Сіздер көпшілікке ұсынған суреттердің мағынасы қандай?**

− Суреттердің басым бөлігі бейнелеу өнерінің әр жанрына байланысты салынды. Мысалы анималистік бағыт, кескіндеме, портрет сынды жанр түрлері таңдалды. Ал суреттердің мағынасына келсек, оқушыларым екі елдің яғни Түркия мен Қазақстан арасындағы достықты, жақсылықты, әдемілікті, қамқорлықты сурет арқылы жеткізгісі келді.







Ал киім үлгілерін қаламыздағы «SapaKa» жеңіл өнеркәсіп орталығында тіктірдік.

**− Қазір қанша шәкіртіңіз бар?**

− 60-тан аса шәкіртім бар. Осы айда оқушыларым Түркия елінің Кемер қаласында «Шоу Мир» атты халықаралық фестиваль конкурсына қатысты. Ресей, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан елінің шәкірттері арасынан біздің оқушылар алдыңғы қатардан көрінді. Айталық, 7 жасар Қоңырат Хадиджа мен 13 жасар Дарья Эльвина "Ең Әдемі Халықтың киімі" байқауында I орынды жеңіп алды. Ал 8 жасар оқушым Нағызхан Тілеубаев пен 15 жастағы Ким Яна аталған байқауда Гран-При иеленіп, Египет еліне жолдама алды. 17 жастағы шәкіртім Балшекер Төребекова да биіктен көрініп, I орын иегері атанды.

**− Ұстаз ретіндегі негізгі ұстанымыңыз қандай? Даму бағытында қалай ізденесіз?**

− Ғаламтордан алған жаңа білімді тәжірибе жүзінде қолданып, бейнелеу өнерінің қыр-сырын кеңінен білгенді ұнатамын. Қазір арт-терапияның изотерапия бағытын үйренудемін. Өнер өмірді көркейтіп қана қоймай, көңіл-күйді жақсартып, күйзелістен арылтып, миды ынталандырады. Қарапайым сөзбен айтқанда, эстетикалық әсерден басқа өнер бізге бақытты болу мүмкіндігін сыйлайды. Ал негізгі нәтиже соңғы сәтте емес, жұмыс барысында байқалады. «Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, XXI ғасырдың ақпараттық заманында өзінің жеке ойы мен пікірі қалыптасқан жас тұлғаға тәрбие, білім беру жолында дұрыс бағыт беру − негізгі ұстанымым.

**− Алдағы жоспарларыңызбен де бөліссеңіз...**

− Жуырда Баку қаласында өтетін байқауға шақырту алдық. Қазірден бастап өнер бәсекесіне қызу дайындықты бастадық. Египет елінің Хургаде қаласына да шақырту алғанымыз бізге ерекше шабыт сыйлады. Сондықтан оқушылардың туындылары одан әрі сапалы, әдемі, көтеріңкі көңіл-күйге толы болады деп сенемін. Тағы бір қуанышты жаңалық, Лондон қаласындағы Golden Time Talent ұйымдастырушылары хабарласып, біздің өнерімізге қызығушылық танытуда. Бұл дегеніміз – Алаштың анасы атанған Сыр еліндегі өнерлі балалардың жетістігі.

**− Сұхбатыңызға рақмет!**

**Гүлдана ЖҰМАДИН**

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

# МӘРТЕБЕҢІЗ ҚАНДАЙ, МҰҒАЛІМ?

«Педагог мәртебесі туралы» заң күшіне енгелі мектептегі жүктемесінен бөлек, сенбілікке, түрлі шараға шапқылап, қолбалаға айнала бастаған ұстаздар қауымының жүгі жеңілдегендей. «Qazbilim» жобасының негізін қалаушы, phd химик, Нұр-Сұлтан қаласындағы №90 гимназияның директоры Аятжан Ахметжанұлы: «Көптеген реформадан шаршаған әрі жеткілікті көңіл бөлінбеген саладағы жағдай баршаға мәлім. Осы жылдарда білім саласынан дарынды мамандардың басқа жаққа кету үрдісі орын алып, мектептер аутсайдерлер мен басқа саладан жұмыс таппағандардың ордасына айналды. Осылайша, әртүрлі келеңсіздіктерге тап болған саланы аз уақытта түзету мүмкін емес.

Біліктілік, аттестациядан өту мәселесі өзекті. 50 пайыздан төмен көрсеткіш алған мұғалімдерге шектеме қойылуы қажет. Мысалы, 80 балдық тест нәтижесінде 30 балл алып жатса, онда қайта өтуге, тіптен жұмыс орнын босатуға дейінгі қатаң талаптар қолданған жөн болар. Орнына басқа адамдарды кіргізу, не болмаса мұғалімдердің басым көпшілігінің біліктілігін қорғай алмау фактілерінің кездесіп жүргені саладағы «қасірет». Ал аутсайдерлер мен ақша үшін мұғалім болып жүргендерден саланы тазартпай, сапаға қол жеткізе алмасымыз анық. Сондықтан да педагог біліктілігіне мәртебе керек»,– дейді.

Мойындау керек, мұғалімдердің жалақысы мемлекет тарапынан назарға алынып, бірнеше есе көтерілуі, болашақта датұрақты негізде бұл сала мамандарының жағдайына жіті көңіл бөлінетіні 5-10 жыл бұрын келместей боп кеткен, қолында ұстаз ретінде дипломы барлардың қайта оралуына ықпал жасауда. Оларды жұмысқа қабылдағанда біліктілігін растау ғана емес, білімін арттыру мәселесі де кезек күттірмей алдымыздан шығады. Тиісінше бұл мақсат бір апталық немесе он күндік курстармен емес, үш айдан бір жылға дейінгі кәсіби оқулармен, тәжірибемен жалғасын табуы қажет.

Санаттың жыры – бөлек мәселе. Таразының бір жағында талай жыл білім беріп, болашағымыз – бала тәрбиесімен айналысып келе жатқан мұғалімдердің материалдық жағдайы тұрса, екінші жағында жемқорлық тұр. Жаңа реформа, жаңа Қазақстан, көне жүйе. Оған дәлел ретінде мына бір жаңалықты айта аламыз. Мәселен, жақында Түркістан облысында 500-ге жуық мұғалім санат көтеру сертификатын сатып алды деген күдікке ілінген болатын. Қазір ол сертификаттарды құзырлы органдар тексеруде. Әлеуметтік желілердегі санат көтеруге арналған сертификаттардың сатылатындығы туралы ақпаратты Түркістан облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасының басшысы Діниcлам Болатханұлы растаған. «Өкінішке қарай, осындай фактілер анықталды. Біз барынша ашықтық саясатын ұстанып отырмыз. Әлеуметтік желіде болып жатқан мәселелерді жіті қадағалаймыз. Ондай адамдардың жалған диплом, жалған сертификаттармен білім ошақтарында жұмыс істеуіне моралдық, кәсіби құқығы жоқ деп есептеймін», – дейді басқарма басшысы.

Ұстаздардың санаты әлеуметтік желі қолданушылары арасында да кеңінен талқылануда. Мәселен, фейсбук әлеуметтік желісіндегі ұстаздар тобында Бақытханым Губашева есімді қазақстандық: «Аттестациядан өтуді мұғалімдердің өз еркіне қалдырса ғой. Санат пен жоғары айлық керек дегендері өтсін. Маған санаттың да, тиын-тебенге көбейген ақшаның да керегі жоқ. Сен санат алғансың деп піспектеп, семинар шарлап, баяндама оқып жүргенше, өзімнің жұмысымнан қалмай, алдыма келген шәкіртіме сабақ беріп жүргенім жақсы. Ата-аналар жұмысымның нәтижесін көріп, оқушым материалды игеріп шықса, өмірлік тәжірибесінде қолдана алса, болды. Аттестация үшін жүйкемді жұқартпас едім.

Бір ғана видео түсіру үшін де қанша уақыт, энергия кетеді. Ұстаз болғандар түсінеді. Мұғалімдердің миы ойдан босамайды. Баланың санасына ақпаратты қалай оңай сіңіре аламын, қандай жаңа әдіс қолдансам болады деп үнемі ізденіс үстінде жүретін де мұғалім. Зейнетке шыққанда бәріміздің санатымыз бір. Жай ғана қазақтың қара кемпірі боламыз», – деп пікір қалдырған.

«Жалақы біраз өсті. Ендігі жылы президенттің тапсырмасына сәйкес тағы 25%-ке процентке артады. Бізде көбіне жалақы көбейеді дегенде мектептегі мұғалімнің айлығы ғана өсетін сияқты болып қабылданады. Бірақ 2020 жылдан бастап жыл сайын, келесі жылы да, мұғалімдердің, балабақша тәрбиешілері мен қызметкерлерінің, колледж қызметкерлерінің, қосымша білімдегі педагогтердің жалақысы 25 пайызға өседі», – деді министр тамыз конференциясында.



Иә, мемлекет бұл саланы толықтай назарға алуда. Жалақы көбейді, бұрынғыдай емес, «ұстаз» деген есімнің де қадірі жоғарылады. Бірақ санат алу сәнге айналып, еңбегі еленгендерге емес, қолына ақшасын қыса барғандарға бұйырып жүрмей ме? Сұрақ көп, жауап жоқ.

**Дина БӨКЕБАЙ**

# ЖЕЛІДЕГІ ЖАРНАМАНЫҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

**Нарық заманы жарнамаға бағынышты десек болады. Себебі жарнама экономиканың бір бөлшегі. Газет, радио, теледидардың дәурені аяқталған тұста, бүгінде әлеуметтік желілердің күші басым екені даусыз. Заманына қарай адамы өзгергендей, жарнама нарығы да уақыт талабына сай ауысып отырары анық. Жалпы жарнама арқылы тауарды ұсыну ғана емес, халықтың мәдениетін, таңдауы мен талғамын да ескере отырып, жұмыс істейтін жүйе.**
















Соңғы кездері өзінің аудиториясы бар, халық пікірімен санасып, көпшілікке белгілі дәрежеде әсер ете алатындарды «әсер етушілер», яғни influencer деп бөліп қарастыру қалыпты болды. Осыған сай, әлем де Influencer Marketing деп аталатын жаңа бір түсінік қалыптасты. АҚШ-тағы орта бизнес иелері жылдық бюджетінің 70 пайызын дәл осы жарнама түріне жұмсайды екен. Яғни әлеуметтік желідегі жарнаманың әлемде де сұранысқа ие екенін байқауға болады. Әлеуметтік желілермен бірге таргет деген ұғым пайда болды. Әр желіде өзіңізге қажет аудиторияны белгілеп, арнайы функциялар арқылы керегін таңдап, жарнама жасау мүмкін болды. Дегенмен әлеуметтік желіде жарнамаларды бұғаттайтын кері функциялар бар, яғни тұтынушы кез келген ақпаратты «жұта» бермейді. Қазір блогер арқылы жарнама жасау трендке айналды. Алайда олардың нақты қанша адам «шақырары» белгісіз, жарнаманың да сәтті болуы екіталай. Контекст жарнамалардың елдің назарын аударғалы көп болмады. Жарнама берушілер блогерлер қызметінің бағасы шарықтап тұрғанын айтады. Танымал блогер Әлішер Елікбаев инстаграм желісіндегі жарнамаға 1 200 000 теңге алатынын жазған еді. Желі белсендісінің парақшасына қарап, жарнама берушілерге бұл ақының кедергі емесін байқай аласыз. Желідегі танымал жерлестердің бағасы Әлішерге қарағанда қалтаға қонымды болып шықты. Мысалы, асаба Асылхан Дүкенбаевтың стористегі жарнамасы 50 000 мен 100 000 теңге аралығы болса, бір пост үшін 500 000 мың теңге бересіз. Бүгінде шоумен ASR киім дүкені мен Smartshop телефон аксессуарларына амбассадор екені мәлім.

Аудиториясы кең аралдық Жасұлан Әйтеновтің де жарнамалық прайсы Асылханмен шамалас. Жасұланның инстадағы 24 сағаттық жарнамасы 150 000 теңгеден басталса, постқа жолданатын жарнамасы – 400 000 теңгені құрайды. Бұл бизнес үшін қолайлы баға дейді блогер.

– Қазір инстаграмда 500 000 оқырманым бар. Барлығы белсенді оқырмандар деп айтуға болады. Бір пост кем дегенде 60-70 мың лүпіл жинайды. Видеоларда 200 мыңнан аса қаралым болады. Бұл – бизнес өкілдері үшін жақсы көрсеткіш. Барлық қалаға жарнама жасауға аккаунтым дайын. Бірақ арнайы тексерістен өткіземін. Мол қаражат ұсынса да букмекерлік кеңсе, дінге қарама-қайшы келетін және саяси жарнамаларды жүргізбеймін. Көп жағдайда киім дүкендері мен құрылыс заттарынан ұсыныс түседі. Жуырда Алматы қаласындағы белгілі бір сусынмен келісім-шартқа қол қойғалы жатырмын. Қызмет құны – 150 000, 500 000 теңге аралығында. Пост үшін жарнама құны қымбатырақ болады. Себебі жарнама оқырманға ұнауы керек. Сондықтан белгілі авторлармен сценарийін жазып, қаламақы төлеймін, – дейді Жасұлан Әйтенов.

Жайдарман арқылы жұлдыз болған жаңақорғандық Есқара Бейбітовтың жарнамасы да қомақты. Doner King-тың амбассадорының ең арзан жарнамасы – 50 000 теңге. Келісімге келу үшін алдымен админстраторы Асхат Құлтаспен байланыс орнатуыңыз керек. Администратордың айтуынша, желідегі белсенділік бағаны реттеп отыратын көрінеді.

– Инстаграмды үздіксіз жүргізіп отырамыз. Өйткені оқырмандарды парақшада ұстап отыру үлкен мәселе. Есқараның актерлік шеберлігі мен әншілік қабілеті көп көмегін тигізеді. Бүгінде 117 мыңнан аса оқырманымыз бар. Гастрольдік сапарларға шыққан кезде сол қалалардағы дүкендер байланысқа шығып, жарнама жасауға өтініш білдіреді. Қызметіміз 50 000-150 000 теңге аралығында. Көбіне сториске саламыз. Болмаса сол дүкендердің ресми парақшаларына, видео, посттарға атсалысамыз. Қазір Жаңақорғандағы Doner King-пен жұмыс істеп жатырмыз, – дейді Асхат Құлтас.

Белгілі блогер Өркен Кенжебек те жарнама жүргізу де белсенділердің бірі. Жарнама жүргізу де блогерлер үшін қиын екенін алға тартады. Өйткені кейбір жарнамалар «халық жауына» айналдыруы бек мүмкін екен.

– Менің табыс көзім тек блогерлікпен шектелмейді. Қосымша 5-6 жобам бар. Бірі жабылса, екіншісімен айналысамын. Салықты уақытылы төлеймін. Арақ-шарап сияқты өнімдерді жарнамалаудан бас тартамын. Ал биліктің бастамаларына келер болсақ, қашанда мемлекеттің идеологиялық бағыттағы жобаларын түсіндіріп келеміз. Оның ішінде ақысы төленгені, төленбегені де бар. Қандай реформа болсын басында халық бірден жылы қабылдап кетпейді. Жаңа іске сыншы көп. Блогер әлеуметтік желі арқылы ақпарат таратушы ғана. Есер қандай да бір мәселені түсіндіре алмаса, ол ешкімнің кінәсі емес. Кезінде жер мәселесі бойынша дүмпу болған кезде «алаңға шықпаңдар» дедік. Сол үшін де халық жауы атандық. Блогерлікпен айналысып жүрген 13 жылдың ішінде не болмады. Жалпы негатив ақпаратты жарияладым, сондай ұсынысты насихаттадым деп айта алмаймын», – дейді блогер.

Блогер мен вайнерлердың жарнамасымен айналысатын NATIV жарнама агенттігі келтірген мәлімет бойынша 1 млн мен 5 млн аралығындағы оқырманы бар вайнерлердің 1 минуттық видео роликі 1 жарым млн теңге тұрады. Видеодағы сценарийдің жеңіл я болмаса күрделі болуы бағаға әсер етпейді. Бекітілгені сол. Әр вайнердің өз жеке командасы бар. Солардың дайындаған бірнеше сценарийдің ішінен тапсырыс беруші өзіне ұнағанын алады. Ал неғұрлым оқырман саны көп болса, видео көрушілер саны да жоғары болмақ.

**Ерасыл ШӘРІБЕК**

# КӘСІПКЕР СЫЙЫ – ТЕГІН БАЛМҰЗДАҚ



Бір ауылдың 165 тұрғынын жұмыспен қамтып отырған мекеме балмұздақты балаларға тегін таратуды қолға алған. Бұл «Балалар жылы» аясында іске асып жатқан дүние емес. Қармақшыдағы «Тұрмағамбет» серіктестігінің дәстүрлі түрде қолға алған шарасы.

2004 жылы құрылған серіктестік негізі күріш егумен айналысады. Биылдың өзінде 1700 гектар жерге күріш еккен. Сондай-ақ жаздық бидай, жоңышқа, мақсары да өсіреді. Сүт өнімдерінің кез келген түрі бар. Мұнда макаронның да 5 түрі шығарылады.

«Бізде сүт өнімдеріне сұраныс жоғары. Бір литрлік ыдыспен есептегенде айына 3700 дана қатық, 500 дана кілегей, 1500 дана қаймақ дайындаймыз. Оларды Жосалы кенті мен Байқоңыр, Төретамға және Жалағаш аудандарына жібереміз. Оның үстіне жазда балмұздақ та жасаймыз. Оны сатпаймыз, ауыл балаларына тегін таратып береміз», – дейді «Тұрмағамбет» ЖШС өкілі Бағдәулет Зайыров.

Қолдың қаймағына сұраныс жоғары. Қаймақтың дәмін татқан адам қайтара айналып соғатыны анық. Мұны Бағдаулетте жоққа шығармады.

«Сүт өнімдеріне сұраныс көп. Кейде тапсырысқа үлгермей жатамыз. Десе де қызметкерлер барлығына уақыт тауып, жұмысты жүйелі түрде жүргізіп келеді. Тұтынушылардан ешқандай шағым түскен емес. Біздің өнім уақытында жеткізіледі. Бұл да біздің тікелей бақылауымызда», – дейді Бағдаулет.

Байқағанымыздай, болашақта өзге де кәсіп түрлерін ашу жоспарда екен. Мәселен, жақында қоршауға арналған сетка шығаратын шағын цех өз жұмысын бастаған. Ал жоғарыда айтқан макарон өнімдері аудан ішінде сатылымда. Жұмысшылар өзіне керекті өнімді алып алған соң ол дүкендерге жіберіледі.

«Өнімдердің барлығын өзіміздің ауылдың тұрғындары, яғни серіктестіктің жұмысшылары шығарады. Сетка мен макарон өнімдерін шығарумен айналысатын мамандарымызды Шымкентте, ал сүт өнімдерін дайындайтындарды Алматы қаласында оқытып алдық, тәжірибеден өткіздік. Сапасына қатысты сын болған емес», – дейді мамандар.

Кәсіп бастау оңай емес. Істі ийіп әкетудің өзі үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Ал бұл мекемеде бизнесті жүргізудің өзіндік дағдысы қалыптасқан. Тұтынушылардан еш шағым түспегені соған дәлел.

Айта кетейік, бүгінде идеясын жүзеге асырып, кәсіпкер болуға асық қызылордалықтардың саны көбейген. Қызылорда облысындағы шағын және орта бизнес субъектілерінде жұмыспен қамтылған азаматтардың саны 104 мыңнан асты деген дерек бар. Оның 6 447-сі биыл ашылған. Статистикалық ақпарат бойынша осы жылдың 1 шілдесіне дейін облыста тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 59 023-ке жетіп отыр.

**Мөлдір САБЫРЖАН**



**Жақында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова белсенді жастармен, еріктілермен, «Жастар ресурстық орталықтары» және үкіметтік емес ұйым өкілдерімен кездесті. Тамара Дүйсенова Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясында жастарды нәтижелі жұмыспен қамтуға бағытталған кешенді шаралар жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.**

# ЖАСТАРҒА ЖҰМЫС БАР...

«Ұлттық жобалар мен бизнестің жеке бастамалары шеңберінде құрылатын барлық жұмыс орындары Электрондық еңбек биржасында орналастырылады. Бұл платформа бос жұмыс орындарын іздеудің де, қызметкерлерді іздеудің де бірыңғай алаңына айналады. Қазір Электрондық еңбек биржасында жұмыс берушілерден 122 мыңға жуық бос жұмыс орны ұсынылды, 151 мың жас жұмыс іздеп өз түйіндемелерін орналастырды», – деп хабарлады Тамара Дүйсенова.

Министр жастарды ірі өндірістік кәсіпорындарға жұмысқа орналастыру жобасы жұмыспен қамтуға бағытталған тағы бір маңызды шара екенін айтты. Оған бірінші болып ERG компаниялар тобы қосылды, ол Электрондық еңбек биржасында бос орындар тізімін ұсынды. Осылайша, 200-ден астам жас маман жұмысқа орналастырылды.



**«Мектепке жол» акциясы басталған уақыттан бері қаржылай көмек алу үшін облыс бойынша 30 мыңнан астам өтініш түскен. Міндетті оқу қорынан берілетін бір реттік көмек 20-25 тамыз аралығында ата-аналар немесе заңды өкілдердің жеке есепшоттарына аударылып болады. Бұл туралы облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Бердаулетов мәлімдеді.**

# АКЦИЯНЫҢ КӨМЕГІ КӨП

«Міндетті оқу қоры есебінен көмекке мұқтаж отбасы ретінде 31 322 бала есепке алынған. Аталған қор есебінен бір реттік қаржылай көмекпен қамтамасыз ету үшін облыстық бюджеттен 1 млрд 171,4 млн теңге бөлініп отыр. Аз қамтылған отбасынан шыққан барлық 31 322 балаға 37 389 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілетін болады», – деді Бағдат Камбозұлы.

Былтырғы жылмен салыстырғанда көмек көрсетілетін бала саны биыл 1451-ге көбейген. Осы орайда Міндетті оқу қорынан қаржы алмайтын 1601 балаға демеушілер есебінен 18 млн 653 мың теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілді.

Айта кетейік, Міндетті оқу қоры қарастырылмаған жеке мектептерде бүгінде атаулы әлеуметтік көмек алатын 192 бала білім алуда. Олардың кепілдік берілген әлеуметтік көмек алу құқығын қамтамасыз ету мақсатында ірі компаниялар арқылы қаржылай көмек көрсету қарастырылуда.



**Қазір әлем жаһандану кеңістігіне еніп, қоғамның барлық саласында жаңарулар белең алып келеді. Соның бірегей саласы – білім жүйесі. Білім сапасын көтеру, білімді жастарға қолдау білдіру мақсатында облыста 2020 жылдан бастап «Ел үміті» және «Елбасы медалі» бағдарламасы жүзеге асуда.**

# ОЗЫҚ ОҚУШЫЛАР АЛҒЫ ШЕПТЕ

Аталған жоба аясында «Мың бала» бағдарламасы «дүниеге келді». Бұл – ұлттық ауқымды жоба. Олимпиаданың басты мақсаты – ауылдық жердегі мектеп оқушыларының таланты мен қабілеттерін дамыту және қолдау үшін жағдай жасау. Олимпиадаға ауылдық жерде білім алатын 5 және 6-сынып оқушылары қатыса алады. Жоба 2 кезең бойынша өткізіледі. Барлық іс-шаралар пәндерді оқып үйренуге және одан әрі дамытуға қажетті дағдылар мен бейімділіктерді анықтауға бағытталған. 3 жылдық көрсеткіш бойынша Қызылорда облысы республика бойынша алғашқы үштіктің қатарынан көрініп келеді.

Ал «Елбасы медалі» жобасына қатысу үшін алдын-ала тіркелу жұмыстары жүргізіліп, облыс бойынша 14-29 жасқа дейінгі балалар мен жастар қатыса алатыны хабарланды. Жоба жастардың алға қойған мақсатына жетуде белсенділік танытып, түрлі бағытта өз қабілеттерін шыңдауына мүмкіндік беруде.

**Дархан ДОСОВ,**
**«Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығының әдіскері**

# САН САУАЛ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ, НАҚТЫ ҰСЫНЫМДАР



Кез келген мемлекет жастардың бүгіні мен болашағына қамқорлық жасауды өз саясатының мәні деп санайды. Біздің елде де солай. Президент дәстүрлі Жолдауларында жастар саясатын жетілдіру бойынша іргелі тапсырмалар беріп жүргені белгілі, өйткені жастар қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекетте маңызды рөл атқарады. Жақында Президент жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің кезекті отырысында ол айқын байқалды.

Отырыс барысында Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин маңызды құжаттардың бірі – Жастар саясатының жаңа тұжырымдамасы әзірленетінін атап өтті. Тұжырымдама жастар саясаты бағытындағы негізгі құжатқа айналады. Құжатты әзірлеу кезінде жыл сайынғы «Жастар» ұлттық баяндамасының талдамалық деректері, тәуелсіз әлеуметтік зерттеулер, сараптамалық және қоғамдық пікірталастар барысында қалыптасқан ұсыныстар мен ұсынымдар пайдаланылады.

Сонымен қатар кеңесте жастар арасында синтетикалық есірткінің таралуына қарсы іс-қимыл мәселелері талқыланды. Мемлекет басшысы өзінің өткен жылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Есірткінің, оның ішінде синтетикалық есірткінің таралуы болашақ ұрпақтың тамырына балта шабады» деп атап өткен еді. Талқылауға Кеңес мүшелері, сондай-ақ Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов, Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният, «Соль» деректі фильмінің режиссері және продюсері Ринат Балғабаев қатысып, синтетикалық есірткінің таралуына қарсы күрес пен оған қарсы іс-қимыл, нашақорлықтың алдын алу және емдеу мәселелері бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айтып берді.Сондай-ақ Кеңес отырысына салалық ҮЕҰ өкілдері мен сарапшылар белсенді қатысып, нашақорлықтың алдын алу бойынша ұсыныстарын айтты. Кеңес отырысының қорытындысы бойынша мемлекеттік органдар үшін ақпараттық-профилактикалық жұмысқа жұртшылықты белсенді тарта отырып жүзеге асырылатын нақты ұсынымдар әзірленді.

Айта кетейік, бұған дейін кеңестің жаңа құрамы бекітілген болатын. Құрамына қоғам белсенділері, жас ғалымдар мен кәсіпкерлер, ауыл, өңір және шығармашыл жастардың өкілдері, Президенттік кадр резервінің мүшелері, жастар ұйымдарының көшбасшылары кірді. Қуантатыны, кеңес құрамында және жиынға қатысушылар қатарында жерлесіміз, «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының жеңімпазы Айсана Намурадин бар. Жалынды жас ауқымды жиында алдағы жоспарлар тарқатылғанын айтады. «Кеңес жастардың күн тәртібінде тұрған мәселелерін шешудің нақты алаңына айналды. «Мен жастарға сенемін!» деп Мағжан Жұмабаев атамыз жырлағандай, біздерге үлкен сенім артылады. Енді міндет – білім жетілдіріп, елге қызмет ету. Мемлекетіміз өркендеп өсуі үшін адал қызмет атқару. Осындай басқосулардан, жаңа бастамалардан жақсылықтар күтеміз» дейді ол.

# ЖАТАҚХАНА ЖАЙЫ ЖАҚСЫ МА?



Жаңа оқу жылында студенттер сапалы білім алуы үшін жан-жақты жағдай жасалу керек. Білім алушылар үшін ең маңызды факторлардың бірі – жайлы, таза, заманға сай жабдықталған жатақхана екені рас. Қазір аймақта үш жоғары оқу орны, отыз арнаулы орта білім беру ұйымдары және оларға қарасты жиырма алты студенттік жатақхана бар. Жуырда «Жастар рухы» ЖҚ облыстық филиалы студенттердің «екінші үйіне» арнайы мониторинг жұмыстарын жүргізді.

Арнайы жасақталған мобильді топ жұмысының бірінші күні Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, М.Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледжі, И.Әбдікәрімов атындағы аграрлық техникалық жоғары колледжі, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжі жатақханарына мониторинг жасап, оқу орындарының басшыларына бірқатар ұсынысын жеткізді. Ал келесі күні маңызды іс-шара "Болашақ" университеті, Қызылорда медициналық жоғары колледжі, "Ақмешіт" көпсалалы гуманитарлық-техникалық колледжі, "Өркениет" жатақханасында жалғасын тапты.

– «Жастар рухы» жастар қанаты бірнеше жылдан бері жаңа оқу маусымының алдында мемлекеттік және жергілікті оқу орындарының базасындағы жатақханаларға арнайы мониторинг жүргізіп келеді. Мониторинг студенттердің өмір сүру деңгейінің сапасын арттыру, жатақханалардың оқу жылына дайындығы мен санитарлық нормаларға сәйкестігін анықтау мақсатында ұйымдастырылуда. Аталған шара барысында бірнеше кемшілік анықталып, оқу орындарына ескерту берілді. Оқу жылына дейін түзету жұмыстарын қайта тексеретін боламыз, – дейді «Жастар рухы» ЖҚ облыстық филиалының төрағасы Медет Жорабек.

Айта кетейік, мобильді топтың құрамында облыстық білім басқармасы техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің статист маманы Е.Жаматов, «Әділдік жолы» РҚБ облыстық филиал басшысы Л.Бақтыбаева, «Жастар рухы» ЖҚ, облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ жастарды жұмыспен қамту және кәсіпкерлікке баулу бөлімінің аға кеңесшісі Ә.Қазтай және БАҚ өкілдері бар. Алдағы уақытта жатақханаға мониторинг жұмыстары барлық ауданда жүргізіледі. Будан бөлек «Жастар рухы» ЖҚ жатақханаға орналасу кезінде келеңсіз жағдайға тап болған студенттерге арнап жедел желіні іске қосты. Енді студенттер заңсыз орын бөлу немесе жемқорлық фактілеріне жолыққан жағдайда ұйымның көмегіне жүгіне алады. Ал «Жастар рухы» ЖҚ білім алушылар тарапынан түскен арыз-шағымдарды тиісті органдарға жолдап, мәселенің шешілуіне ықпал жасайды.

**Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ**

# ҚУЫРШАҚ ОЯНҒАН ТҮН

**Баламыз. Әрнәрсені бір құрап, әйтеуір ойынның түр-түрін тауып аламыз да жүреміз. Бірде бір оқиға орын алып, бізге үлкен сабақ болды. Атамыз молда болмағанда ол түннен аман шықпас па едік, кім білсін...**

Жазғы каникул. Мектептен демалысқа шыға сала қыдырып та, өзге балалар секілді лагерьге барып та көрмеппіз. Тек сабақ басталуына бірер уақыт қалғанда қап арқалап, балық сатып, әке-анамыз ақшасын жинап бітетін. Содан соң ғана қалаға апарып қыдыртып келетін. Ал ол күнге дейін ата-әжеміздің қасында, таң атқаннан түн батқанға дейін далада жүретін едік.

Бүгін таңмен таласа тұрдық. Әжемнің ыстық шайын ішіп, әрқайсымызға бөліп берген қатқан шекеріне таласып әлекпіз. Қаладан ауылға қыдырып келген бауырларымыз да жиналған. Түскі уақытта әжемізді ұйықтатып тастап, дария жиекке қарай қаштық. Ол жақтың қызығы біткен соң үй ауласына жиналып, бүлдірер дүние таппадық. Кенет үйдегі әпкем «Сарайда ойнайық» деді. Іле-шала сарайдың кілтін тауып, есігін ашып ішіне ендік. Көне, киілмей қалған ескі киімдердің барлығы осында.

– Мұнда не істейміз? – деп жан-жақтан жамырай кеттік.

– Менде бір ой бар, ерекше ой, – деді әпкем.



Содан не керек, әлгі ескі киімдерден қуыршақ құрай бастадық. Бірі баласын құрастырса, енді бірі әке-шешесін, тіпті көрші қуыршақтарды бірінен соң бірін құрастыра бастадық. Кәнігі киімнен басын, қолы мен аяғын жасап, қорқынышты бейнелер қаз-қатар тізіле кетті. «Үй-үй» ойнап, әбден сілеміз қатқан соң үйге кірдік.

Жұмыстан енді келген анамыз кешкі ас әзірлеп әлек. Бізге қарар уақыты да, шамасы да жоқ. Әйтеуір арпалыспен кештің қалай батқанын да аңғармай қалдық. Үйдегі үшеуміз, яки мен ағам, әпкем ата-әжеміздің қасына жатамыз. Кішкентайымыздан сол. Түнде шошынсақ, қорықсақ, бастырылсақ атамыз таңға дейін сүре оқып, бізді күзетіп отыратын. Қаладан келген балалар көрші бөлмеде, қалың ұйқыда жатыр. Әжеміздің ертегісін тыңдаған біз әлі ұйықтамағанбыз. Кенет әлгі жақтан біреуі жылай бастады. Үлкендерге «жаман түс көрдім» деп айтып жатыр. Тағы бірер уақыттан соң тағы біреуі айқайлап жіберді. Тағы қасына жүгіріп барған үлкендерге «біреу жүр, біреу жүр» дей берді. Ақыр соңы әлгі бөлменің жарығын жағып қойып, ұйықтатты. Біз де қалың ұйқыға кеттік.

Түсім екенін анық білемін. Әйтпегенде шын өмірдегідей бойшаң емеспін. Шашым жайылған, аулада асыр салып ойнап жүрмін. Естілген дауыстың барлығы да құдды таудан шыққандай. Жаңғырып тұр. Анадай жерде бір маймыл жүр екен. Өмірі ондай жануарды көрмеген мен әлгіні ұстағым кеп барады. Ұстай алмай қуып жүрмін. Кенет маймыл артына, маған қарады да «арс» етіп үстіме атылды. Дем жетпей көзімді әрең ашсам, әлгі маймыл, жоқ мақұлық үстімде тұр. Тіпті қозғалтпайды. Атам үйреткен сүрелерді, кәлимамды шамам келгенше айтып жатырмын. Тілім күрмеліп, денем тырысты да қалды. Атамның бас жағыма келіп, дұға оқып жатқанынан денем босай бастады. Көз жасыма ерік беріп, атамның құшағына тығылдым.

– Балам, әй, жаман жерді баспадың ба? – деді ол басымнан сипай.

– Жоқ, ата. Пісімілләмді айтып жүремін ғой ылғи, – деймін бұртиып.

– Бүгін барлығыңа не болды? Біріңнен соң бірің бастырылып жатырсыңдар. Не жасап едіңдер? – деді атам байыпты қалпымен.

Енді жауап бергелі жатқанда әжемнің қасында жатқан әпкем «Қуыршақ» деп айқайлай кетті.

– Ойбай, көтек. Әй, атасы, мыналарға не болды? – деген әжеме атам бір күрсінді де үйдің үлкен немересінен сұрады. Ағам ғой. Бәріміз шошынып, жылап жатқанда ол ылғи ұйқыдан тұрмайды. Ештеңе көрмейді, сезінбейді, қорықпайды. Қысқасы атасының баласы. Содан ағам тұрды да:

– Сарайда киімнен ойыншықтар жасады. Тіпті көп. Қой деп едім, мыналар қоймай киімнен киім қалдырмады, – деді де жастығына қайта қисайды.

Байыпты қалпынан танбай отырған атамның қабағы қата бастады.

– Не ойыншық? – деп еді. Әпкем:

– Ата, сарайдағы ескі киімдерден қуыршақ жасадық. Бірақ барлығын жинап қойғанбыз. Жаңа түсімде солар тiрiлiп кетiптi. Маған келіп, жан-жақтан қоршап алды. Үсті-басыма шығып, неше түрлі дауыстар шығарды, – деп еңкілдей жылай кетті.

– Жүріңдер! – деді атам қатқыл дауысымен.

Шала-пұла ілесіп, сарайға беттедік. Қызық енді басталды.

Бағана ғана қаз-қатар тізіп, орын-орнымен жинап қойған қуыршақтар жан-жақта шашылып жатыр. Мүмкін емес. Сарай есігін кілттеген соң бізден кейін ешкімнің кірмегеніне кәміл сенімдіміз. Атамызға айтып жатырмыз. Ол болса әлгі қуыршақтарды тезірек бұзыңдар деді. Қорқыныш бойымызды билеп барады. Амал жоқ, жасаған істі мойынмен көтеру керек. Барлығын бұзып, киімдерді орын-орындарына жинастырдық. Атам күбірлеп әлденелерді айтып жүр.

– Енді сарайға кірмеңдер! – деді ол.

Оның үстіне олай қуыршақ жасап, лас жерде ойнамауымызды да ескертіп жатыр. Жатын орнымызға жайғастық. Ендігі ұйқы қайдан болсын. Терезеден көрінген жұлдызды санап жатырмыз. Ол кезде жарық болмаушы еді ғой? Кішкентай кесеге балауызшамды жағып қоятынбыз. Ондада ата мен әже сыртқа кіріп-шыққанда көзі көрмей қалады деп анамның жағып қоятын. Содан ағам ортаңғы бөлмеге ұйқылы-ояу жүгіріп барды. Түсінбей далмыз.

– Өрт, өрт! – дейді ауық-ауық.

Әлгі шам кеседен тайқып, кілемнің үстіне құлапты. Өрт енді басталып жатыр екен. Сасқалақтаған ағам болса түкірікпен сөндіремін деп аласұруда. Кенет қыздың күлген дауысы сыңғырлап естілді.

– Неге күлесіңдер, су әкелсеңдерші! – дейді ағам күлген қыз біз деп ойлап.

Піссімілләмізді айтып су апарып, әлгі шағын өртті сөндірдік. Тағы да күлген дауыс естілді. Ағам болса «сендерге ойын керек пе?» деп тағы бізге сөйледі. Ал күлген қыздың күлкісі біздікі емес екенін әпкем екеуміз анық білеміз. Көрші бөлмеде жатқандар ұйқыда. Ол кім болды екен? Осы сауал мені әлі күнге дейін мазалайды.

Атам жастайынан өмірден өтемін дегенше мешітте имам болды. Біздің Алладан кейінгі қорғаушымыз сол кісі еді. Таңға дейін ұйқысыз түндер өткізетін. Біз үшін, біздің жақсы ұйықтауымыз үшін ұйқымызды торуылдайтын. Әпкем де, мен де бала күнімізден аппақ бейнелерді бірдей көре алатынбыз. Лас жерлерге бара алмай, әйтеуір бір құдіреттен сақтық ескертулер алатынбыз. Ол қасиет па, қасірет па, білмей дал едік. Көп бастырылып, мазарлардан өткенде, жолдың бойында ақ көйлекті қыздарды да жолықтырушы ек. Ал біреудің үйінде бірнәрсе дұрыс болмаса кеудеміз қысылатын. Қайсыбірін айтайын, молда атамыз сол үшін де ұйықтамайтын. Күнде сүре жаттатып, дұғада жүруші еді.

Ал қуыршақ оянған түнді әлі күнге дейін ұмыта алар емеспіз. Еміс-еміс есте қалған оқиға өмір бойы өшпестей болып жадымызда қалды. Құй сеніңіз, құй сенбеңіз. Бірақ әлемде тылсымның бары сөзсіз...



# ТЫЙЫМ МЕН ТЫЛСЫМ

**Жақын ауданның бірінде бір тылсым оқиға орын алды. Жас түскен келін кеш бата есік алдына су төгуге шығады. Шелегін көтерген бойы тысқа шыққан келін екінші қайтып үйге кірмейді. Ұшты-күйлі жоқ. Ауылда оны көргендер де кезікпейді. Арада жылжып жылдар, сырғып айлар өтеді. Алыстан бір келіншектің бойы көрінеді. Сөйтсе, осыдан 5-6 жыл бұрын жоғалып кеткен жас келін екен. Құдды жаңа ғана кетіп, дым болмағандай шелегін ұстап келе жатқандай.**

Ауылдағы молдаға апарып, ол келіншектен барлығын сұрай бастайды. Ештеңеге пәрменсіз болған келін тіпті «а» деп ауыз ашуға әлсіз еді. Молданың айтуынша, кешқұрым су төгуге шыққан жас келін көшіп келе жатқан жындардың керуеніне тап болған. Олармен ілесе кетіп, керуен қайта айналып келгенде түскен екен. Адам сенгісіз жағдай. Бірақ аңыз әңгіме болып қалған мына оқиға да соған саяды.

Бір шалғай ауылдық жерде, ертеректе болған оқиға екен. Қыз бен жігіт үйленіп ұлан-асыр той жасапты. Отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізіп абыр-сабыр адам аяғы басылыңқыраған кешкі апақ-сапақ мезгіл болса керек. Жас келін отауынан шығып далаға шықпақ болыпты. «Бұл жердің қыр-сырын білмейсің» деп қасына күйеуі де ере шығады. Жеке отаудан сәл әрігерек бір түп шеңгелдің түбіне қарай жас келін шапанды желең бүркеніп алып кете барады. Ақ көйлегінің етегі жер сызып бұраңдап бара жатқан келіншегіне сыртынан сүйсіне қарап күйеуі шеттеп қала береді.

Сол мезетте кеште қоюланып ай туады. Шеңгел жақтан үп еткен сыбыс жоқ. Күйеуі дыбыс береді. Тым-тырыс. Сәл тың тыңдап, «ал мен бара жатырмын» дейді. Үн жоқ. Жігіт ақырындап бір түп шеңгелге жақындайды. Келсе жан баласы жоқ екен. Жана ғана көз алдында құманын алып дүзге кеткен келіншегі құмға сіңгендей ғайып болыпты. Жігіт аттандап ауылды басына көтереді. Бүкіл ауыл боп ат тұяғы жетер жерге дейін келіншекті іздей бастайды. Келіншектің ауылына хабаршы шабады. Бүкіл ел-жұрт аяғынан тік тұрып іздеу салады. Ұшты-күйлі бір дерексіз кетеді. Көрдім, білдім деген жан болмайды...

Арада жылдар өте береді. Келіншектен бір хабар жоқ, жұрттар сан-саққа жорып бұл оқиғаның ізі суып күдерін үзе береді. Неше жаз, неше күз өтеді. Бір күні кеш қоюланып түн түнегі түсе бастағанда сол ауылға алыстан баяу жылжыған бір бейне жақындай түседі. Алғашқыда оны ешкім байқамайды. Тек түннің түнегін әппақ ай қуып айнала ағараңдай көрінгенде ғана сыртта шаруасымен жүрген бірен-саран адам сұлбаны байқайды. Жақын маңда жаяу адам келетіндей ауыл да жоқ. Жұрт жиналып «бұ кім екен жапан даладан келе жатқан?» деп жалғыз адамды күтеді.

Жолаушы жақындағанда жұрт гу ете қалады. Жапырлап жол ашып ләм-мим деуге халдері келмей аңырап қалады. Басына шапанын бүркеніп, ақ көйлегінің етегі



жер сызып, қолында құманы бар бұл – жоғалып кеткен келіншек еді. Тап бір жаңа ғана түзге шығып келгендей асықпай өз отауына енеді. Оң босағаға тізе бүге беріп «уф-ф» деп терең демін шығарады да бір жағына қарай қыйсайып құлай береді. Сол құлағаннан ол есін жимастан үш күннен соң бақилық болады. Қыздың әкесі қолынан келгенін аямай қызын тірі алып калғысы келіп бар тәуіп, бақсы-балгерді жинайды. Еш қайран болмаған екен. Көпті көрген атағы жер жарған молда:

«Менің пайымдауымша, бұл қыз күн мен түннің алмасу сәтінде көшіп бара жатқан перінің көшіне тап болған сияқты. Күнмен жағаласып ұйықтама, күн батарда жас келіншек суға бармасын, жалғыз түзге шықпасын деген ырымдар бекер емес. Күн мен түн алмасарда перілер әсіресе белсенді болады екен. Бұл сондай періге соқтығысып калған сияқты. Көшкен перілер өздерімен ілестіріп кеткен. Енді бұл бұ дүниелік адам емес» депті.

Иә, қай уақытта болмасын білген дұғамызды оқып, піссімілләмізді ауыздан тастамағанымыз дұрыс. Қалайда бір тылсымның бар екені ақиқат.

Әжеміз кішкентайымызда «Түнде суды ашық қалдырма», «Түнде суға түспе» деп отыратын. Не деген бітпейтін тыйым деуші едік. Сөйтсек оның астары тереңде жатыр екен ғой.

Жынның басшысы Самандун Сүлейменге мың жүйрік тұлпар ұстап беріпті дейді. Сүлеймен оның қызметіне риза болып:

– Не сұрайсың? – дейді. Самандун:

– Өзен-көлді ежелден мекен етуші едік. Оны бізден тартып алып, оны адам ұрпағына бердің. Бізге мекенімізді қайтар! – деп сұрайды. Сүлеймен:

– Дегенің болсын. Бірақ түнде пайдаланасың. Күндіз адам баласының игілігінде, – дейді.

Содан жын-жыбыр түнде өзен-көлді аралап, сайран құрады екен. Бір күні бір жігіт үйінде ішерге суы болмай, түнде өзенге барады. Барса, жындар су бермейді. Жігіт Сүлейменнің сарайына барып, болған жайды айтып береді. Сүлеймен жігітке бір дұға жазып береді де, Самандунға сәлем айтады:

– Суға барғанда мынаны оқы, Самандунның есіне сал, – дейді. Жігіт суға барып дұғаны оқиды. Дұғасы мынадай екен: «Су иесі – Сүлеймен, су алуға рұқсат ет». Оны естігенде Самандунның барлық жынға:

– Бұл жердің шын егесі – Сүлеймен патша. Су беріңдер, – дейді.

Содан бастап адамдар түнде су алғысы келсе: «Су иесі – Сүлеймен, су алуға рұқсат ет», – деп сұрайды екен.

Көрші ауылда Серік деген жігіт тұрды. Күні-түні көше кезіп жүретін. Сөйлемейді. Адамға тіке қарамайды. Біреулер – «жын ұрған» десе, біреуі – «су перісі қағып кеткен ғой» дегенге саяды. Әйтеуір ауыл іші у-шу. «Түнде суға барма, айдың жарығы түскен суды ішпе» деп әжелеріміз тыйып отыратын. Оны Серік елемесе керек. Кеш қайта ауыл шетіндегі дария жиегіне су алуға барыпты. Сол кеткеннен ұзақ уақытқа оралмайды. Ауыл болып іздеді. Таппады. Арада бір апта өткен соң көрші Жұмағазы ата тауып алыпты. Бірақ, жағдайы әлгіндегідей. «Не болды? Не көрді?» деген сауалдар жауапсыз қалған.

Бұл оқиға ауыл тұрғындарын біраз есеңгіретті. Кейбірі қорқып тысқа шығудан қалған. Шап-шағын ауыл болғасын қауіп қай жерден келіп қаларын білмей аң-таң. Туыстары Серіктің жағдайын көріп аудан орталығындағы мешітке апарып оқытты. Бір айда өз-өзіне келген соң жақындарына мән-жайды айтса керек. «Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды» емес пе? Кішкентай балаға дейін қорқынышты әңгіме қылып айтып жүрді. Оқиға былай басталған екен. Қонаққа кетерде Серікке әжесі ауладағы шелек-бөшкелерге су тасып, толтырып қой дейді. Жігіт онысын ұмытып кетсе керек. Әжесі келмей су тасуға бекінеді. Бірақ, кеш те батып үлгерген екен. Содан дарияға барады. Шелегін енді батыра бергенде су бетінен әдемі қыздың бейнесін көреді. Аң-таң болып біраз отырады. Құлағынан «суға түс» деп шақырған нәзік дауыс естіледі. Өз денесін өзі басқара алмаса керек. Дарияның ортасында билеп, ән салған 2-3 сылқым қол созады. Қиял әлеміне кеткен Серік ес-түссіз қолын беріп, ортаға қарай жүзеді. Одан соң не болғанын білмейді. Бірақ, есін жиғанда қорымдардың басын паналап жүр екен. Көрген көрші ата ертіп, үйіне әкеледі. Молдаға оқытпас бұрын күндіз де, түнде де ұйықтай алмай сандырақтаған екен. Иә, бұл жігітті су перісі қаққан. Сенбейін десең, айналада біз білмейтін қаншама тылсым дүниелер орын алуда. Үлкендеріміздің айтып кеткен тыйымдарының өз мәні бар екеніне тамсанбай қоймайсың.

Қазақ арасында «түнде суға барма, суға түспе» деген ырым осыдан қалыпты. Ал дастарқанды жинамай, ыдысты жумай сол күйінше қалдыруға болмайды. «Пәлекеттер аралайды, ас ішеді» дейтін үлкендер. Тамақтың да бетін ашық қалдырмауды қадағалап отыратын. Мұндай ұғым қайдан шықты?

Аналарымыз ыдыстың бетін жабатын қақпағы болмай қалған жағдайда бетіне «Бисмиллә» деп жіңішке ағаш сиқты нәрсені көлденең қоятын.

Жәбир (р.а) жеткізген хадисте Алла елшісі (с.ғ.с):«Ыдыстарыңның (су, тамақ) бетін жабыңдар, есіктеріңді (түнде) ашық қалдырмаңдар және шырақтарыңды сөндіріңдер. Ақиқатында, шайтанға сусын беру, оған есіктерді ашу және ыдыстарды ашық (алдына тамақ жайып қою) қалдыру халал емес. Біреулерің ыдыстың бетін жабатын нәрсе таба алмаса, «Бисмиллә» деп ыдыстың бетіне көлденең бір нәрсені қойсын...» десе, тағы бір хадисте: «Ыдыстарыңның (су, тамақ) бетін жабыңдар. Расында бір жыл ішінде оба ауруы жүретін бір түн бар. Бұл оба ауруы тек ашық ыдыстағы тағамдарға түседі» деген екен.

Ал бейуақ уақытта ұйықтауға болмайтын тыйым қайдан шықты? Үйде үлкендер «Кешпен таласа ұйықтама» деп отыратын. Жалпы қазақта «бейуақ» деп, күн қызарып батып, қараңғы түн әлі түсе қоймаған апақ-сапақ кезді айтады. Бұл – ақшам намазы мен құптан намазының арасындағы мезгілге тура келеді. «Қазақ ұғымында бейуақ ыңғайсыз уақыт. Бұл уақытта ұйықтауға қатаң тыйым салынған. «Іңірде жатқан ырыссыз қалар» деген мәтел осыны айғақтайды.

Мұның шариғатта да негізі жоқ емес. Сахаба Әбу Һурайрадан жеткен бір «хадис шәрифте» былай делінеді:

«Шынында Алла елшісі (с.ғ.с) құптаннан алдыңғы ұйқыны ұнамсыз көретін әрі құптаннан кейін әңгіме дүкен құруды ұнамсыз көретін».

Хадистен де анық байқағанымыздай, Пайғамбарымыз ақшамнан кейін ұйықтауды қош көрмеген. Осыған орай, үш мәзхаб ғұламалары ақшам намазынан кейін ұйықтауды «мәкруһ» санаса,



Ханафи ғалымдары «Егер құптанға тұрғызатын адамы болса, ақшамнан кейін бір сәт ұйықтауына рұқсат» деп есептеген. Себебі сақаба Абдулла ибн Омар құптанға оятуды сұрап, өзі ақшамнан кейін бір сәт мызғып алатын болған екен.

Сонымен қатар басқа бір «сахих хадисте» күн батқанда жер бетіне жын-шайтандар жайылатыны айтылады. Қазақта мұны «іңірде шайтан көшеді» деп түсіндірген. Сол екі арада қараңғы түскенше біраз уақыт жас балаларды далаға жібермеуді де қатаң ескерткен Алла елшісі. Ендеше, бейуақытта ұйықтамаудың бір мәні осында жатуы мүмкін.

«Дастарқанды, ыдысты, тамақты аттама», «Жаман әдетті үйренбе», «Етбетіңнен жатпа», «Кісі төсегіне отырма», «Түнде мал санама», «Түнде күл шығарма», «Түнде кір су төкпе», «Лас су баспа» деген тыйымдар өте көп. Қазақта жас келін, жаңа босанған ана түнде жалаңбас далаға шығуға болмайды. Бұл уақытта «жамандар» үйір болады деседі. Бірақ бұған құлақ асып жатқандары аз. Кейде шаршағанда жаздыгүні далада суы күнге жылынған «душқа» түсе саламыз. Түн болсын, күн болсын. Елемейміз де. Әжелеріміз «Кеш қайта даладағы суға түспе, екі кештің ортасында «жамандар» жүреді» деп отырушы еді. Бірде бір ауылда мынадай оқиға орын алды. Жұмыстан шаршап келген келіншек екі кештің арасында суға түседі. Әлдененің демалған тынысын естиді. Мән бермейді. Жоғарыдан аққан су өздігінен тоқтайды. Сол кезде көзін ашса, алдында қап-қара сұлба тұр екен. Қатты қорыққан ол аузын енді аша бергенде ішіне кіріптімыс. Бір кезде келіншек енесі, атасы, балаларының дауысын салып жүгіріп жүр дейді. Молдаға апарса мұны да жын қағыпты.

Тылсымға бірі сенсе, енді бірі елемейді. Бірақ тыйым сөздің тереңіне бойлаған қазекем астарында не жатқанын өз тәжірибесінен өткізген ғой...

**Әңгімелер авторы Айнұр ӘЛИ**

# «МАРАФОН ҮЛКЕН КҮШ ПЕН ТАЛПЫНЫС СЫЙЛАЙДЫ»

## Сағидулла СЫЗДЫҚОВ, марафоншы:



Half Ironman-триатлон сайысының әлемде беделі биік. 3 спорттың қосындысынан тұратын жарысқа – 44 жыл болса, елімізге келгеніне – 4 жыл. Айтулы бәсеке биыл елорда төрінде өтті. Оған әлемнің 60 елінен 2000 мыңнан аса атлет бақ сынап, тәуекелге бел буған. Жоғары дайындық пен физикалық күшті талап ететін күрделі марафонға жерлесеміз Сағидулла Сыздықов та қатысып, мықтылардың қатарына енді.

Сағидулла сайыстың талаптарын толығымен орындап, үзіліссіз 3 кезеңді артта қалдырған.

– Мәреге жеткен кезде өзімді үлкен шыңды бағындырғандай сезіндім. Себебі Half Ironman триатлон сайысына қатысып, соңына дейін шыдамдылық таныту екінің біріне бұйыра бермейтін бақ десек артық айтқаным емес. Бұл сайысқа үзіліссіз 1 жыл дайындалдым. Жалпы триатлонмен айналысқаныма 6 жылға жуықтапты. Қоғамда мұндай қиын сайыстарға тек кәсіби спортшылар ғана қатысады деген стереотип қалыптасқан. Бұл – өте қате пікір. Өзім қарапайым офисте менеджер қызметін атқарамын. Сондықтан барлығының мүмкіндігі бір деп есептеймін. Егер кез келген адам биік мақсаттарды қойып, дайындық жүргізсе 1,9 км жүзіп, 21 км жүгіріп, 90 км велосипед айдауды бағындыра алады.

Қаншама шақырымды 8 сағатта орындап шығу кәсіпқой қатысушылар үшін қиындық тудырмапты.

– Нұр-Сұлтанда өткен марафонда ресейлік қатысушылар жоғары дайындықпен келгенін байқатты. Мысалы, Алекс Григорьев Ironman Kazakh-stan 2022 сайысының жеңімпазы атанды. Ол үш кезеңде де мықты екенін байқатып, 8 сағат 13 минутта мәре сызығын кесті. 20 минуттан кейін Алекстың отандасы Антон Березняк келді. Ал үшінші болып қазақстандық марафоншы Алексей Вшивцев жетті. Оған тиесілі уақыт – 8 сағат 51 минут. Әдеттігідей рекорд жаңармады. Жалпы марафон рекорды неміс атлеті Ян Фроденоға тиесілі. Ол барлық кезеңді 7 сағат 41 минутта тәмамдаған. Өзім қалың топпен бірге мәреге жеттім. Мен үшін орын маңызды емес. Өйткені мұндай марафонның өзі адамға үлкен күш, жоғары талпыныс сыйлайды.

Half Ironman марафонына танымал тұлғалар да қызығушылық танытыпты.

– Марафонға 60 елден 2 мыңнан аса атлет қатысты. Арасынан қоғамға танымал тұлғаларды да кезіктіріп қалдым. Мысалы "Орда" тобының әншісі Дастан Оразбеков, бокстан Олимпиада чемпионы Серік Сапиев, кәсіби триатлоншы Екатерина Шатнаяны байқадым. Ал Қызылордадан белсенді жас Асқар Құрмашты кезіктірдім.

Марафонда қатысушыларды жігерлендіру үшін BI Group әлем чемпионатына 45 жолдаманы ойнатыпты.

– BI Group компаниясы – Ironman Kazakhstan марафонын бас ұйымдастырушысы. Әлемдік деңгейде өтетін болғандықтан мұндай бәсі биік компанияның араласқаны құптарлық іс. Марафон өте жоғары деңгейде өтті. Маған ұнағаны, компанияның үздік 45 атлетке Гаваидағы Калуа-Конеде өтетін әлем біріншілігіне жолдама сыйлағаны.



# ЕЛ ҚҰРАМАСЫ ИСЛАМИАДА ОЙЫНЫН АЯҚТАДЫ

**Жазғы спорт түрлерінен Түркияда V Ислам ынтымақтастығы ойындары аяқталды. 10 күнге созылған байрақты бәсекеге 55 елден 4 мыңнан аса спортшы қатысты. Олар 24 спорт түрі бойынша 355 жүлдені сарапқа салды. Солардың қатарында Қазақстан құрамасы да бар. Жалпы саны 89 (27 алтын+23 күміс+39 қола) жүлдеге қол жеткізген жерлестеріміз Исламиаданың командалық есебінде бесінші орынға табан тіреді.**

Жарыстың соңғы күні каратэден +61 келі салмақ дәрежесінде күш сынасқан София Берульцева Қазақ елінің Әнұранын шырқатты. Токио Олимпиадасының қола жүлдегері және Дүниежүзілік ойындардың жеңімпазы болған София Коньяда бас жүлдені олжалады. 61 келі салмақтағы Әсел Қанай қолаға қол созды. Ол тек өзбекстандық Зулхумор Турсыналиева мен түркиялық Гульбанар Гезютоктан ғана қалып қойды. Тағы бір қоланы тунистік Вефе Манжуб еншіледі.

Спорттық гимнастшылар сайысында Аида Бауыржанова еркін жаттығуда алтын, томарда күміс және бөренеде қола медальді иеленді. Осыған дейін 3 алтын, 1 күміс және 1 қола медальді қоржынға салған кикбоксшылар тағы да өз жанкүйерлерін қуантты. Бұл жолы лоу-киктен Берік Ысқақов қарсылас шақ келтірмесе, Нұрдәулет Қалшора мен Шара Хамзина үшінші орынға табан тіреді.

Жекелеген спортшылар арасынан Рената Сұлтанованың айы оңынан болды. 24 жастағы велошабандоз аталған жарыста үш рет алтын жүлдеге қол жеткізді. Ол жеке сайыста, скретчте және омниумда алдына жан салмады. 50 және 100 метрге баттерфляй әдісімен жүзген Әділбек Мусиннің де мерейі үстем болды. 400 метрлік қашықтықты 44,94 секундта жүгіріп, Михаил Литвин Қазақстанның рекордын жаңартты. Ауыр атлеттер сайысында Айзада Мүптілда қоссайыстың қорытындысы бойынша 266 (116+150) келілік зілтемірді еңсеріп, жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді. Айзаданың бағындырған салмағы – Исламиаданың рекордын жаңартты.

Сонымен қатар жүзуші София Әубәкірова (50 метр, баттерфляй) мен Аделаида Пчелинцева (50 метр, брасс), велотрекші Әлішер Жұмахан (жеке сайыс) мен Артём Захаров (омниум), гимнастшылар Аида Бауыржанова мен Елжана Тәниева, каратэші Қайсар Алпысбай, зілтемірші Арли Чонтей мен Зүлфия Чиншанло, әйелдер күресінің шебері Елена Шалыгина мен спорттың кейбір түрлері бойынша өткен командалық бәсекеде отандастарымыз алтын алып, барша жанкүйерді қуантты. Бұл жарыста барлығы 125 өреніміз спорттың 16 түрі бойынша бақ сынады.

Жалпы есепте Түркияға тең келер ешкім болмады. 341 (145-107+89) жүлде олжалаған жарыс қожайындары жарыс кестесінде жеке-дара көш бастады. Өзбекстан екінші орынды иеленді.



Көршілеріміз 158 (51+42+65) медаль еншіледі. Үшінші орында – Иран. Парсы елінің өкілдері 133 (39+44+50) жүлдеге қол жеткізді. Төртінші сатыға жайғасқан Әзербайжанның қоржынында 99 (29+36+34) жүлде бар. Бесінші орында – Қазақстан. Сондай-ақ ТОП-10 команданың қатарына Марокко (15+13+34), Индонезия (13+14+29), Бахрейн (9+7+7), Қырғызстан (8+8+15) және Алжир (7+12+23) құрамалары енді. Исламиа-дада барлығы 18 мемле-кеттің әнұраны шырқалып, 34 елдің туы көкте желбіреді.

# «ҚАЙСАР» КЕНШІЛЕРДІ ЖЕҢДІ



**Ел біріншілігінің 16 турында қызылордалық «Қайсар» «Шахтер Болатқа» қонаққа барып, 3-2 есебімен жеңіске жетті.**

«Қасқырлар» сапынан Руслан Сахалбаев алғашқы голды соқса, Елисей Горшунов айып добын сәтті орындап таблодағы есепті теңестірді. Матчтың аяқталар сәтінде Мағжан Бауыржан жеңіс голын салып, «Қайсарға» маңызды 3 ұпайды сыйға тартты.

«Шахтёр-Болат» – «Қайсар» – 2:3

Голдар: Шыңғыс Флюк 7, Аңсар Алтынхан 43 – Руслан Сахалбаев 41, Елисей Горшунов 45+1, Мағжан Бауыржан 90+2

«Шахтер-Болат»: Клюшнев Роман, Алтынхан Аңсар, Галкин Максим, Джабаев Дамирхан, Абильмажинов Джохангир, Лавренюк Кирилл, Савкив Богдан, Тронза Тимофей, Туткышев Руслан (к), Тюлюбай Алмас, Флюк Шынгыс.

«Қайсар»: Салайдин Нұрымжан, Горизанов Константин (Бауыржан Мағжан 83), Горшунов Елисей (Құлмағанбетов Аян 70.), Диалло Адама (Жалмұқан Дидар 46), Жұмаханов Әділбек, Оливейра Жоао Педро, Бондаренко Сергей, Сахалбаев Руслан (Ануарбеков Нұрбол 70), Сеитов Амаль (Сламбеков Демият 46.), Сидоренко Кирилл, Төлегенов Абылайхан (к).

# СЫР ТОЛАҒАЙЛАРЫ АЗИЯНЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ



**Зілтемірден Өзбекстанның Ташкент қаласында өткен Азия чемпионатында жерлестеріміздің біршамасы жүлдегерлер қатарынан көрінді. Ауыр атлетикадан облыс құрамасының аға бапкері Альберт Хакимуллин шәкірттерінің біріншіліктегі аяқ алысына тоқталды.**

– Биыл өткен құрлықтық додадағы әрбір салмақта тартысты бәсеке өрбіді. Жарысқа қатысқан шәкірттеріме үлкен сынақ болды. Білгендей, үлкен дайындықпен бардық. Нәтижесі ойдағыдай. Шынын айтқанда, екі жыл бұрын әлемді жайлаған коронавирус спортқа біраз кедергісін келтірді. Біз соған қарамастан дайындықты тоқтатқан жоқпыз, – деді ол.

Оның айтуынша, құрлықтық додаға көптеген мемлекеттер мықты құрамын алып келген. Оңтүстік Корея, Үндістан, Вьетнам, Таиланд құрамалары өздерін жақсы қырынан көрсетті. Сондай-ақ Түркіменстан және Индонезия ауыр атлеттері әрбір салмақта жүлделі орындарға таласты. Бұл алдағы уақытта сары құрлықта ауыр атлетикада бәсекесі күшейе түсетінін айғақтайды.

– Облыста ауыр атлетика жасөспірімдер арасында жаңа деңгейде шығып отыр. Жақында Семей қаласында өткен ел біріншілігінде ұлдар бес, қыздар екі алтын медаль алды. Осының өзі ізбасар буынның табанды беталысын байқатпай ма? Біз мықты әрі әлемді мойындатар спортшылар өсіп келетініне сенімдіміз, – дейді А.Хакимуллин.

Айта кетейік, Рахат Бекболат, Айзада Мүптілда, Айсамал Сансызбаева, Азамат Төлеген, Динара Қыпшақбай секілді толағайлар ел намысын қорғап, халықаралық жарыста жүлдеге ілінді.

# АСЛАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА АТТАНДЫ



**Израильдің Тель-Авив қаласында велотректен жасөспірімдер арасында әлем чемпионаты жалауы желбіреді. 27 тамызға дейін созылатын дүбірлі додаға Қазақстан құрамасы сапында 13 спортшы бақ сынайды. Соның бірі – жерлесіміз Аслан Силықбек.**

Аслан биыл бірнеше дүбірлі додаларда ел намысын қорғады. Парижде әлем кубогында үздіктер қатарынан көрінсе, Үндістанда Азия чемпионы атанды. Енді Силықбек әлемді бағындыруға бет алды.

– Израильге аман-есен жеттік. Қазір соңғы дайындықты пысықтап жатырмыз. Спортшылар үшін адаптация өте маңызды. Климат ауыстыру кейбіреуіне оң нәтиже берсе, кейбіреуіне керісінше. Сондықтан адаптацияға қатты көңіл бөлудеміз. Қазір физикалық күш-қуатымыз жеткілікті. Жарысқа қатысуға ешқандай кедергі жоқ, – деді Аслан.

Бетті дайындаған: Е.ШӘРІБЕК

# ЕУРОТУР ҚАНША ТҰРАДЫ?

**Соңғы жылдары аты барда желіп жүріп, жер танитындар қатары артты. Шетел асып, саяхаттау үшін миллиондаған ақша керек деген жаңсақ түсініктен арылғандаймыз. Ал бір рет саяхаттап көрген адам екінші, үшінші елге, одан кейін өмір бойына жоспар жасап, жиһангез боп шыға келеді. Себебі Мэттью Карстен айтпақшы «Саяхаттауға құйылған қаржы – өзіңе салынған инвестиция». Бір елді тану бірнеше курста алатын біліммен тең.**



Жаз бітіп, жаңбырлы маусымның басталуына аз қалғанмен, саяхаттау үшін ауа-райы әлі де қолайлы. Әдетте Өзбекстан, Түркия, Дубай, Грузия сынды елдерге жиі шығатын қазақстандықтарға Еуропаға саяхаттау үшін қанша шығын кетеді? Еуропа елдерінің есігі ашық па? Қай елдерге барған тиімді?

Жиһангез-журналист Руслан Меделбектің айтуынша, биыл қазақстандықтар үшін қолайлысы – Түркия, Дубай, Грузия, Египет сынды елдерге саяхатқа шығу болды. Себебі бұл елдерге сұраныс жоғары. Әрине, бәрі қолда қанша қаражат барына байланысты. Мысалы, қалта көтерсе жазда Мальдив аралдарына, Тайланд, Малайзияға баруға болады. «Басты ескеретін жайт – ПТР тест мерзімі, қандай жиілікпен тапсыру керек, вакцина алу міндетті ме, қандай түрі деген сұрақтарға нақты жауап алу. Ең сенімді дереккөз ретінде әуе компанияларының сайттарын айтар едім. Өйткені олар жиі жаңартып отырады. Өз басым, сол жердегі деректерге ғана сүйенемін. Өзгелері ескіріп кетуі мүмкін. Талап апта сайын ауысып жатыр. Одан соң, маска тағу режимі. Биыл қалай болатынын көреміз. Дегенмен былтыр көктемде Түркияда болғанымда талап өте қатаң болды. Тіпті, далада жүрсеңіз де, маска тағу міндеттелді. Өзім үшін 2022 – үміт жылы. Жақсылыққа үміттенемін. Екі жарым жыл бойы толық шекарасы жабық болған Аустралия ашылды. Бұл – өте жақсы нышан. Өз басым аса ритуал ұстанбаймын. Дегенмен саяхатқа шығардан он шақты күн бұрын отырып, алуым керек заттардың тізімін жасап шығамын. Сөйтіп түгендеген сайын сызып тастап отырамын. Егер осы уақыт ішінде тағы бір заттар еске түссе, онда қосып қоямын. Блокнотқа жазып түгендейтін әдетім бар. Сапарға шыққанда ең бастысы, сақ болу қажет. Соның ішінде құжатқа және ақшаға мұқият болған жөн. Егер құжатыңызды жоғалтып алсаңыз, бүкіл саяхатыңыз бүлінеді, жоспар бұзылады. Басқа жоғалған нәрсенің орнын толтыруға болады», – дейді ол.

Иә, жиһанкездер үшін жақсы жаңалық – Еуропа елдері біртіндеп ашылып жатыр. Чехия, Венгрия, Италия, Испания туристерге ашық. Түркия, Грузия сынды елдердің қолжетімді екені белгілі. Ал Еуропаны аралау үшін қанша қаржы керек? Есептеп көрейік.

– Ең негізгі шарт – сапарға үш ай бұрын дайындалу керек. Сонда билет бағасы арзан болады. Бес елді аралау үшін кем дегенде 15 күн керек. Мысалы, тамызда 15 күндік Еуротур жасаймын деп шештіңіз делік. Енді шығынды есептейік:

Виза мен сақтандыру: 100-120 €
Ұшақ: 400-600 €
Қонақ үй: 300-700 €
Қоғамдық көлік/елдер арасына қатынау: 500 €
Тамақ: 120-150€

Саяхатқа арқаға асатын бір рюкзакпен ғана келуіңіз керек. Артық жүк – артық ақша. Шенген визаға ертерек тапсырып, ұшақ билетін де ерте алыңыз. Ерте қамдансаңыз шығын аз болады. Шенген виза алу туралы видео менің ютуб каналымда бар. Егер хостелде тұрам десеңіз, Еуропада күніне 15-20 еуроға бір орын табуға болады. Ал қонақ үйде бөлме 50 еуродан басталады. 15 күн супермаркеттен немесе арзан орындардан тамақтанып, ақша үнемдейсіз. Қымбат сувинер, шопингті ұмыта тұрамыз. Тек қана саяхаттаймыз. Сонымен тамызда Еуротур жасаймын десеңіз кемі 1500-2000 еуро қажет. Бұл сома багажсыз, бір рюкзакпен жүретін жеке адамға ғана есептелген. Егер багажбен келсеңіз, шығын көбейе түседі, – дейді Руслан Меделбек.

Айта кету керек, Еуротурдың шығыны сапарға қаншалықты ертерек дайындалғаныңызға байланысты. Бұл сомаға Еуротурдың екі маршрутының бірін таңдауға болады. Мысал келтірейік. Бірінші нұсқа бойынша Прагаға келдіңіз делік, бұл қаладан Парижге, Римге, Барселонаға маршрут жасауға болады. Үш қалада да өмір сүру қымбат, әрі кейбіріне ұшақпен ұшу керек.

Екіншісі, арзан әрі бір-біріне жақын бес қала: Прага-Вена-Братислава-Будапешт-Берлин. Бұл бес қаланың арасына автобуспен-ақ қатынауға мүмкіндік бар. Прага, Братислава, Будапештте арзан, ал Берлин мен Вена салыстырмалы түрде сәл қымбаттау болады.

**Дина БӨКЕБАЙ**

# ЖАҢА ЖОБАЛАР ҚАНАТ ҚАҚТЫ



**Сағатбек Қуанышбаевты сырбойылықтар жақсы біледі. Оның белсенділігі өз алдына, мұқтаждың жанынан табылатын адамгершілік қасиеті бөлек әңгіме. Еріктілікте қолтаңбасы бар.**

«Жастар жылында» жастарға ерекше жағдай жасалды. Қаншама қайтарымсыз грант берілді, жастар кәсіпкерлікте шыңдалып, ойындағысын жүзеге асыруға мүмкіндік алды.

Президент одан кейін «Волонтерлар жылын» жариялап, ерекше пәрмен берді. Еліміздің түкпір-түкпірінде ауқымды істер іске асырылды. Еріктілердің жайы ескерусіз қалмады. Халықтың шынайы алғысына бөленіп, марапат мінберінен табылғандар да бар. Қаншама идея жүзеге асып, жобалар қанат қақты. Соның арасында еріктілік қызметке қатыстысы көп. Сағатбек те волонтерліктің 7 бағыты бойынша әртүрлі әлеуметтік жобаны қорғап, мәселелерді шешуге атсалысқан.

– Биылдан бастап «Облыстық мүгедектер қоғамына» төраға болып келген соң өзім емес, өзім секілді тағдырлас жандарды әлеуметтік жобаны жазып, грант жеңімпазы болуға оқытып, үш жобаны ұсынған болатынбыз. Сол жобаның екеуі сәтті шықты. Біріншісі «Инва СТО» әлеуметтік жобасы. Ол – коляска, ходунок, балдақ секілді көмекші құралдарды жөндеуге арналған жоба. Екінші жоба «Алтын қол» деп аталады. Ол қолөнермен айналысатын жандардың басын қосу және мүмкіндігі шектеулі жандардыісмерлікке үйрету мақсатында жүзеге асты. Бұл жобаның екі жеңімпазы да мүмкіндігі шектеулі жандар. Біріншісінің авторы – Мұрат Ізбенбетов болса, қолөнерді насихаттауға арналған жобаның жеңімпазы – Мөлдір Маханбетова, – дейді Сағатбек.

Айта кетейік, «Birgemiz: Qamqor» жалпыұлттық жобасы шеңберінде әлеуметтік қорғау саласындағы нақты міндеттерді шешуде волонтерлік бастамаларды қолдауға, сондай-ақ қарттар үйіне, халықты әлеуметтік қорғау жүйесіне әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарына волонтерлерді тартуға бағытталған шағын гранттар байқауы волонтерлық топтарға, ұйымдарға, үкіметтік емес ұйымдарға беріледі. Бұл – мүмкіндігі шектеулі жандарға қолғабыс. Адамға риясыз қызмет ету арқылы өзін де, өзгені де бақытты еткен кейіпкерлер – қоғамдағы мейірімділіктің көрінісі. Олар іспеттес жандар өмірдің мәнін көпшілікке ұғындыратыны қуантады.

**Мөлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА**

# ЖҰЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ (25 тамыз – 1 қыркүйек)




**Тоқты**
Апта сәтті басталады. Егер асығыстық танытпасаңыз, ешқандай қателікке бой алдырмайсыз. Сонымен қатар барлық мәселеде өзіңіз шешім қабылдаған жөн.

**Торпақ**
Қандай мәселе орын алса да, өз ақылыңызды тыңдаңыз. Сонымен қатар қаржылық мәселені бірыңғайлайсыз. Аптада өмірдің жаңа баспалдағын аттайсыз. Өзіңіздің жоспарларды жүзеге асырып, белсенділік танытатын уақыт.

**Егіз**
Достарыңыздан хабар күтіңіз. Жақсы жаңалық болуы мүмкін. Десе де шешім қабылдағанда абай болыңыз. Барлық шаруаны орындау, мақсатқа жету оңайға соқпайды. Бірақ сіз еш берілмейсіз. Табандылықтың арқасында біраз жетістікке жетесіз.

**Шаян**
Ештеңеге алаңдамаңыз. Көп күш жұмсамастан біраз жетістікке жетуге мүмкіндік бар. Сіз барлық мүмкіндікті көре аласыз. Сүйгеніңізбен бірге болыңыз. Ол өзін жалғыз сезініп жүр, қолдау көрсеткеніңіз жөн.

**Тауешкі**
Сабырлы болуға тырысыңыз. Кейде айналаңыздағы адамдар сізді әдейі ашуландыруы мүмкін. Сондықтан арандатушыларға ермеңіз. Жоспарды жүзеге асырып, белсенділік танытатын уақыт. Болашағы зор жұмысқа орналасуға немесе жаңа кәсіп бастауға қолайлы сәт.

**Арыстан**
Адамдармен тіл табысу қиынға соғады. Тіпті жақын адамдардың өзі сізді дұрыс түсінбеуі мүмкін. Ойлау қабілеті терең жандар орын алған оқиғалардың соңы қалай аяқталатынын жақсы біледі. Сондай-ақ барлық жұмыста белсенділік танытып, оң шешім табуға атсалысады.

**Бикеш**
Бұрын қолыңыздан келмеген шаруаларды апта соңына дейін жеткізесіз. Іскерлік және жеке қарым-қатынасты қалыпқа келтіре аласыз. Барынша сабыр сақтай біліңіз. Егер шыдамсыздық танытсаңыз, көп қателік жіберуіңіз мүмкін.

**Таразы**
Ойланыңыз. Егер алдағы күндерге жоспар құрсаңыз барлық жұмысыңыз алға басады. Өз мүмкіндігіңізді пайдаланып, барлық жұмысты дөңгелетесіз. Ұстаздар, кеңесшілер, саудагерлер және делдалдар үшін өте сәтті күн болмақ. Бұл жандар аптада табысты болады. Әсіресе топ болып жұмыс істейтіндердің айы оңынан туады.

**Сарышаян**
Қызметте жолыңыз болады. Қалтаңыз да қалыңдайды. Бірақ қалта қалыңдайды деп достарыңызды ұмытып кетпеңіз. Аптада сәттілік серігіңіз болады. Соңғы уақытта сызат түскен қарым-қатынасты қайта қалыпқа келтіресіз. Ескі қателіктерді де жөндейсіз.

**Мерген**
Аптаңыз жақсы басталады, уақытыңыз бекерге өтпейді. Ойын-сауық кештерге баруыңыз мүмкін. Осы күніңізді сергек өткізуге тырысыңыз. Аздаған қиындықтар болады, алайда алаңдауға негіз жоқ. Бәрі реттеледі.

**Суқұйғыш**
Қандай мәселе орын алса да, өз ақылыңызды тыңдаңыз. Сонымен қатар қаржылық мәселені бірыңғайлайсыз. Аптада өмірдің жаңа баспалдағын аттайсыз. Өзіңіздің жоспарларды жүзеге асырып, белсенділік танытатын уақыт.

**Балық**
Апта ерекше көңіл-күй сыйлайды. Бір уақытта бірнеше жұмыс істеуіңізге тура келеді. Оған еш ренжімейсіз. Бірақ назарыңызды бір жұмысқа аударғаныңыз дұрыс. Аптада достарыңызбен бас қосасыз, мерекелік кеш көп болады.

Кезекші редактор: М.САБЫРЖАН

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

**Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**БАС ДИРЕКТОР** Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

**БАС РЕДАКТОР** Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
**e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com**
**Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz**

**Таралымы: 7416**
**Тапсырыс: 1414**